

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ

2023 жылғы 29 маусым

Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.С. ӘШІМБАЕВ жүргізді.

ТӨРАҒА. Қайырлы күн, құрметті Сенат депутаттары және отырысқа қатысушылар! Жұмысымызды бастайық. Депутаттардың тіркеуден өтулерін сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Қажетті кворум бар. Сенат отырысын ашық деп жариялаймын.

Құрметті депутаттар, енді күн тәртібін бекітіп алайық. Күн тәртібінің жобасы сіздерде бар. Сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса күн тәртібін дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Күн тәртібі бекітілді.

Құрметті сенаторлар, күн тәртібіндегі бірінші мәселе Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьясы лауазымдарына сайлау туралы.

Өздеріңізге белгілі, биыл «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық заңға өзгеріс енгізілді. Соған сәйкес Қазақстан Республикасының Президенті Сенатқа Жоғарғы Сот судьясы лауазымына кандидатураларды баламалы негізде енгізеді.

Осы мәселе бойынша Сенатқа Президенттің ұсынымы келіп түсті. Соған сәйкес бес Жоғарғы Сот судьясы лауазымына он кандидат ұсынылып отыр.

Слово для оглашения представления Президента Республики Казахстан предоставляется Председателю Высшего Судебного Совета Республики Казахстан Шиппу Денису Алексеевичу.

ШИПП Д.А. Уважаемый Маулен Сагатханулы! Уважаемые депутаты! Главой государства на ваше рассмотрение вносится представление об избрании на пять должностей судей Верховного Суда следующих десяти кандидатов на альтернативной основе:

Абдигалиевой Гульнары Аманжоловны – судьи суда города Астаны;  
Айтжанова Ерлана Жумахановича – судьи Алматинского городского суда;  
Альжанова Габита Умирхановича – судьи Павлодарского областного суда;  
Исамберлиевой Гулмиры Газизкызы – судьи Атырауского областного суда;  
Исмагуловой Карлыгаш Кенисовны – судьи Костанайского областного суда;

Комиртасовой Кымбат Комиртасовны – судьи Карагандинского областного суда;  
Космуратова Ерлана Смадияровича – председателя судебной коллегии по уголовным делам Военного суда Республики Казахстан;

Курмангалиева Нурлана Каскеновича – судьи Алматинского городского суда;

Нуржановой Багилы Баймуратовны – судьи Атырауского областного суда;

Такишевой Ляйли Маденовны – судьи суда города Шымкента.

Представленные лица являются опытными судьями со средним судебским стажем более 30 лет, имеют высокий уровень профессиональной квалификации, пользуются авторитетом в судебском сообществе, подготовлены к ответственной работе судьи Верховного Суда Республики Казахстан.

Все они имеют опыт работы как на районном, так и на областном уровне, в том числе ряд из них – на руководящих должностях.

Уважаемые депутаты, прошу поддержать представление Главы государства об избрании вышеперечисленных кандидатов на альтернативной основе на пять должностей судей Верховного Суда.

Благодарю за внимание.

ТӨРАҒА. Рақмет. Әріптестер, сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Спасибо, Денис Алексеевич, присаживайтесь.

Сенат Регламентіне сәйкес Жоғарғы Сот судьялары лауазымына сайлау үшін ұсынылған кандидатуралар Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінде алдын ала талқыланды.

Комитет кандидатураларды қарау нәтижесі бойынша қорытындылар әзірледі. Осы қорытындыларды жариялау үшін сөз комитет төрағасы Лукин Андрей Ивановичке беріледі.

ЛУКИН А.И. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Комитет по конституционному законодательству, судебной системе и правоохранительным органам Сената рассмотрел представление Президента Республики Казахстан об избрании на должность судьи Верховного Суда Республики Казахстан кандидатов Абдигалиевой Гульнары Аманжоловны, Айтжанова Ерлана Жумахановича, Альжанова Габита Умирхановича, Исамберлиевой Гулмиры Газизкызы, Исмагуловой Карлыгаш Кенисовны, Комиртасовой Кымбат Комиртасовны, Космуратова Ерлана Смадияровича, Курмангалиева Нурлана Каскеновича, Нуржановой Багилы Баймуратовны, Такишевой Ляйли Маденовны на альтернативной основе.

Руководствуясь пунктом 3 статьи 22 Конституционного закона Республики Казахстан «О Парламенте Республики Казахстан и статусе его депутатов» и пунктом 69 Регламента Сената Парламента Республики Казахстан, Комитет по конституционному законодательству, судебной системе и правоохранительным органам пришел к заключению:

рекомендовать Сенату Парламента Республики Казахстан в соответствии с подпунктом 1) статьи 55, пунктом 1 статьи 82 Конституции Республики Казахстан, пунктом 1 статьи 31 Конституционного закона Республики Казахстан «О судебной системе и статусе судей Республики Казахстан» и на основании представления Президента Республики Казахстан от 26 июня 2023 года избрать на должность судьи Верховного Суда Республики Казахстан следующих кандидатов:

Айтжанова Ерлана Жумахановича;  
Альжанова Габита Умирхановича;  
Исамберлиеву Гулмиру Газизқызы;  
Космуратова Ерлана Смадияровича;  
Курмангалиева Нурлана Каскеновича.  
Прошу поддержать. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Спасибо, Андрей Иванович.  
Құрметті әріптестер, сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Талқылаудың қажеті бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса дауыс беру тәртібін анықтап алайық. Бұл мәселе бойынша ашық дауыс беру ұсынылады. Қарсылық жоқ па?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса шешімдерді ашық дауыс беру арқылы қабылдаймыз. Сенат Регламентіне сәйкес бас комитет ұсыным берген кандидатуралар бірінші болып дауысқа қойылады. Сол кандидатуралар бойынша шешім қабылдайық.

Алдымен Айтжанов Ерлан Жұмаханұлын Жоғарғы Сот судьясы лауазымына сайлау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Шешім қабылданды.

Енді Әлжанов Ғабит Өмірханұлын Жоғарғы Сот судьясы лауазымына сайлау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Шешім қабылданды.

Енді Исамберлиева Гүлмира Ғазизқызын Жоғарғы Сот судьясы лауазымына сайлау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Шешім қабылданды.

Қосмұратов Ерлан Смадиярұлын Жоғарғы Сот судьясы лауазымына сайлау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Шешім қабылданды.

Енді Құрманғалиев Нұрлан Қаскенұлын Жоғарғы Сот судьясы лауазымына сайлау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Шешім қабылданды.

Құрметті әріптестер, Сенаттың Регламентіне сәйкес Жоғарғы Сот судьясы лауазымына сайлау туралы әрбір шешім Палата депутаттары жалпы санының көпшілік дауысымен қабылданады. Бас комитет ұсынған барлық кандидаттар көпшілік дауыспен қолдау тапты. Сол себепті шешім қабылданды.

Құрметті сенаторлар! Жоғарғы Сот судьясы қызметіне алғаш рет сайланған азаматтар Палата алдында ант беруі керек. Сондықтан ант беру үшін мінбеге жаңадан сайланған Жоғарғы Сот судьясы Айтжанов Ерлан Жұмаханұлы шақырылады.

АЙТЖАНОВ Е.Ж. Өз міндеттерімді адал және абыройлы атқаруға, сот төрелігін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына ғана бағына отырып жүзеге асыруға, судья ретіндегі борышым міндеттегендей бейтарап және әділ болуға салтанатты түрде ант етемін!

ТӨРАҒА. Рақмет, Ерлан Жұмаханұлы. Орныңызға отырыңыз.

Келесі ант беру үшін мінбеге жаңадан сайланған Жоғарғы Сот судьясы Әлжанов Ғабит Өмірханұлы шақырылады.

ӘЛЖАНОВ Ғ.Ө. Өз міндеттерімді адал және абыройлы атқаруға, сот төрелігін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына ғана бағына отырып жүзеге асыруға, судья ретіндегі борышым міндеттегендей бейтарап және әділ болуға салтанатты түрде ант етемін!

ТӨРАҒА. Рақмет, Ғабит Өмірханұлы. Орныңызға отырыңыз.

Енді ант беру үшін мінбеге жаңадан сайланған Жоғарғы Сот судьясы Исамберлиева Гүлмира Ғазизқызы шақырылады.

ИСАМБЕРЛИЕВА Г.Ғ. Өз міндеттерімді адал және абыройлы атқаруға, сот төрелігін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына ғана бағына отырып жүзеге асыруға, судья ретіндегі борышым міндеттегендей бейтарап және әділ болуға салтанатты түрде ант етемін!

ТӨРАҒА. Рақмет, Гүлмира Ғазизқызы. Орныңызға отырыңыз.

Ант беру үшін мінбеге жаңадан сайланған Жоғарғы Сот судьясы Қосмұратов Ерлан Смадиярұлы шақырылады.

ҚОСМҰРАТОВ Е.С. Өз міндеттерімді адал және абыройлы атқаруға, сот төрелігін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына ғана бағына отырып жүзеге асыруға, судья ретіндегі борышым міндеттегендей бейтарап және әділ болуға салтанатты түрде ант етемін!

ТӨРАҒА. Рақмет, Ерлан Смадиярұлы. Орныңызға отырыңыз.

Енді ант беру үшін мінбеге жаңадан сайланған Жоғарғы Сот судьясы Құрманғалиев Нұрлан Қаскенұлы шақырылады.

ҚҰРМАНҒАЛИЕВ Н.Қ. Өз міндеттерімді адал және абыройлы атқаруға, сот төрелігін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына ғана бағына отырып жүзеге асыруға, судья ретіндегі борышым міндеттегендей бейтарап және әділ болуға салтанатты түрде ант етемін!

ТӨРАҒА. Рақмет, Нұрлан Қаскенұлы. Орныңызға отырыңыз.

Жаңадан сайланған Жоғарғы Сот судьяларын қызметтерімен құттықтаймыз. Жауапты міндетті абыроймен атқарасыздар деп сенеміз. Алдағы жұмыстарыңызға табыс пен сәттілік тілейміз.

Осы мәселе бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті сенаторлар, күн тәртібіндегі келесі төрт мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару туралы» Қазақстан Республикасының Заңын және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын, сондай-ақ «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын және «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын бірінші оқылымда қарау жөнінде.

Парламент депутаттарының бастамашы болуымен әзірленген бұл заңдардың бәрі заңсыз алынған активтерді мемлекетке қайтаруға қатысты мәселені қамтиды. Сондықтан бас комитет төрт заң бойынша бір баяндама жасауды ұсынып отыр. Әріптестер, қарсылық жоқ па?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса төрт заң бойынша баяндама жасау үшін сөз Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің төрағасы Лукин Андрей Ивановичке беріледі.

ЛУКИН А.И. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! На ваше рассмотрение представлены инициированные депутатами Мажилиса Закон Республики Казахстан «О возврате государству незаконно приобретенных активов» и сопутствующие

к нему законы Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам возврата государству незаконно приобретенных активов», «О внесении дополнения в Кодекс Республики Казахстан «О налогах и других обязательных платежах в бюджет (Налоговый кодекс)», «О внесении изменений и дополнений в Кодекс Республики Казахстан об административных правонарушениях».

Закон «О возврате государству незаконно приобретенных активов» направлен на реализацию поручения Главы государства, предусмотренного Указом от 26 ноября 2022 года № 3, о необходимости разработки соответствующего проекта закона с целью возврата в Республику Казахстан активов, незаконно выведенных из страны.

Закон направлен на определение законодательных механизмов для выявления и возврата незаконно приобретенных активов государству и их вовлечения в законный экономический оборот в Республике Казахстан, устранения причин и условий, способствовавших их незаконному приобретению и выводу, а также восстановления социальной справедливости в обществе.

Законами предполагаются следующие положительные правовые и социально-экономические последствия:

создание необходимых законодательных основ для выявления и возврата незаконно приобретенных активов;

построение четкого и прозрачного механизма работы государственных органов и организаций в сфере возврата активов;

восстановление социальной справедливости в обществе;

решение вопросов повышения благосостояния народа Казахстана путем возврата государству незаконно приобретенных активов.

Основные положения и новеллы следующие:

определение круга субъектов, на которых распространяется действие закона, основных принципов возврата активов, целей и задач закона;

создание уполномоченного органа по возврату активов в качестве ведомства органов прокуратуры с определением его полномочий;

регулирование порядка осуществления межведомственного взаимодействия в сфере возврата активов, осуществляемого уполномоченным органом по возврату активов с правоохранительными органами, специальными государственными органами, организациями, субъектами квазигосударственного сектора;

введение норм о создании Комиссии по вопросам возврата незаконно приобретенных активов с определением структуры и полномочий, в состав которой войдут депутаты Парламента, общественные деятели, члены Правительства и другие лица;

раскрытие конкретных мер по возврату незаконно приобретенных и выведенных активов, в том числе введение понятия реестра, предназначенного для целей возврата активов, определение субъектов, подлежащих включению в него, и порядка формирования реестра;

введение правовых механизмов раскрытия, подтверждения происхождения и возврата незаконно приобретенных активов;

введение возможности применения предварительных обеспечительных мер в случае возникновения риска вывода из страны или преобразования актива, его обременения, способных затруднить или сделать невозможным возврат активов государству;

установление способов (механизмов) возврата активов, которые могут носить добровольный или принудительный характер, с раскрытием порядка их применения.

Так, добровольный возврат осуществляется путем передачи всех или части незаконно приобретенных активов государству путем заключения соглашений о добровольном возврате. Преимуществом добровольного возврата активов является экономия ресурсов государства, в том числе на арбитражные и судебные разбирательства, которые требуют определенных временных или материальных ресурсов.

Принудительный возврат активов осуществляется на основе судебных актов Республики Казахстан, иностранных государств или решений компетентных органов иностранных государств, который предусматривает образование специального государственного фонда и управляющей компании для аккумуляции возвращенных активов и финансирования социальных, экономических проектов, направленных на повышение благосостояния народа Казахстана.

Законом вводится новый для казахстанского права институт гражданской конфискации, широко применяемый в настоящее время зарубежными странами.

Кроме того, в целях гарантии защиты прав лиц законом вводится:

закрытый реестр лиц, который минимизирует репутационные риски субъектов и снижение стоимости их активов;

защита прав добросовестных приобретателей и добросовестных кредиторов через решения комиссии и судов;

возврат убытков, причиненных необоснованным принятием предварительных обеспечительных и иных мер;

судебный контроль гражданской конфискации (только по решению суда с возможностью обжалования во всех инстанциях);

гарантии для лиц, выполнивших условия соглашений о добровольном возврате активов.

Сопутствующие законы разработаны для реализации положений основного закона и предусматривают внесение ряда изменений в действующие законодательные акты Республики Казахстан. Вносятся поправки в 11 кодексов и 15 законов.

Құрметті әріптестер, с учетом изложенного Комитет по конституционному законодательству, судебной системе и правоохранительным органам в соответствии с пунктом 4 статьи 61 Конституции Республики Казахстан рекомендует:

одобрить Закон Республики Казахстан «О возврате государству незаконно приобретенных активов»;

в соответствии с пунктом 58 Регламента Сената Парламента Республики Казахстан одобрить Закон Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам возврата государству незаконно приобретенных активов» в первом чтении, Закон «О внесении изменений и дополнений в Кодекс Республики Казахстан «Об административных правонарушениях» в первом

чтении, Закон «О внесении дополнения в Кодекс Республики Казахстан «О налогах и других обязательных платежах в бюджет (Налоговый кодекс)» в первом чтении.

Доклад завершен. Прошу поддержать.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, сұрақтарыңыз бар ма?

Сөз депутат Арғынбекова Айнұр Серікпайқызына беріледі.

АРҒЫНБЕКОВА А.С. Мой вопрос адресован Генеральной прокуратуре.

Закон предусматривает два способа возврата активов – добровольный и принудительный.

Основаниями для добровольного возврата служат:

соглашение о добровольном возврате;

мировое соглашение по Гражданскому процессуальному кодексу;

процессуальное соглашение о признании вины и возврате активов по Уголовному и Уголовно-процессуальному кодексам.

Добровольный возврат возможен и по иным соглашениям.

В этой связи у меня два вопроса.

Первый вопрос: какие соглашения понимаются под иными? По Закону «О правовых актах» нормы законов должны содержать четкий и не подлежащий различному толкованию смысл. Здесь же широкое поле для разного толкования.

Второй вопрос по механизму возврата активов. Многие думают, что добровольный возврат – это, по сути, легализация имущества и уход виновных от ответственности. Поэтому поясните: каковы правовые последствия для тех, кто вернул активы добровольно, и для тех, у кого государство вынуждено было отобрать принудительно?

ТӨРАҒА. Бас Прокурордың орынбасары Байжанов Ұлан Сапарұлы, жауап беріңіз. Екі сұрақ болды.

БАЙЖАНОВ Ұ.С. Спасибо за вопросы, уважаемая Айнур Серікпаевна.

Я хотел бы сразу развеять Ваши сомнения. Широкого толкования «иных соглашений» не будет, поскольку в статье 25 закона определены четкие и обязательные условия для соглашений. Когда закладывалось слово «иные», мы имели в виду соглашения, заключаемые в иностранных юрисдикциях и по международным договорам, поскольку регулирование в зарубежных странах различное. У нас нет на сегодня данных, какие именно там могут быть соглашения, поэтому мы написали «иные».

По второму вопросу. Смысл легализации заключался в возможности узаконивать имущество и освободиться от ответственности. В стране было три легализации, и за 10 процентов большую часть активов люди сохраняли, освобождались от уголовной и административной ответственности.

В нашем случае большая часть, если не все активы, будет возвращаться государству, тем самым социальная справедливость будет обеспечиваться.



Что касается правовых последствий. Только в случае если субъекты добровольно раскрывают все активы, в том числе записанные на иных лиц, которые размещены за границей в виде каких-то финансовых инструментов, на оффшорные компании, и когда большая часть имущества возвращается, они освобождаются от ответственности. Именно в этом правовое последствие добровольности.

Все субъекты должны понимать, что этот закон, как акт общественного согласия, это реально их последний шанс стать добропорядочными гражданами. Тем самым они декларируют не только имущество, но и свою приверженность курсу Справедливого Казахстана. Спасибо.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Медебаев Советбек Тұрсынұлына беріледі.

МЕДЕБАЕВ С.Т. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Мой вопрос к Министру юстиции.

Сопутствующий закон дополняет Уголовный кодекс новой статьей 235-1. Она устанавливает уголовное наказание за незаконный вывоз, пересылку и перевод валютных ценностей, которые могут совершаться и через банковские переводы.

В то же время в Кодексе об административных правонарушениях есть статья 251. Она содержит административное наказание за нарушения требования репатриации национальной и (или) иностранной валюты, совершенные в виде незачисления на банковские счета.

В этой связи у меня вопрос: как будет разграничиваться применение статьи 235-1 Уголовного кодекса и статьи 251 Кодекса об административных правонарушениях, ведь их диспозиции очень схожи? Рақмет.

ТӨРАҒА. Азамат Несіпбайұлы, жауап беріңіз.

ЕСҚАРАЕВ А.Н. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Уважаемый Советбек Турсынович! Административная ответственность будет наступать за невыполнение нашим резидентом своих обязанностей по репатриации иностранной и национальной валюты в страну. В данном случае речь идет о законных операциях, осуществленных на законно полученные средства.

В случае же уголовной ответственности речь идет о незаконном переводе средств за рубеж, пересылке, перечислении средств за рубеж, и соответствующая ответственность будет наступать в уголовном производстве.

Более того, следующим различием между этими двумя составами является субъектный состав. В административном правонарушении субъектом будет являться лицо, осуществляющее управленческие функции в коммерческой и иной организации, либо индивидуальный предприниматель.

Что же касается уголовного правонарушения, то в этом случае ответственности будет подлежать любое лицо, осуществляющее незаконную высылку, пересылку, перечисление валюты и иных валютных ценностей. Спасибо.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Келесі сөз депутат Карплюк Сергей Алексеевичке беріледі.

КАРПЛЮК С.А. Спасибо, уважаемый Маулен Сагатханұлы.

Мой вопрос адресован вице-министерству финансов.

Уважаемый Ержан Ерикович! Сопутствующим законом о возврате государству незаконно приобретенных активов предусмотрены поправки в Закон «О валютном регулировании и валютном контроле», которые наделяют Комитет государственных доходов полномочиями по валютному контролю и контролю за репатриацией финансов по экспортно-импортным договорам нефинансовых организаций. На данный момент все функции по валютному регулированию осуществляются Национальным Банком.

В связи с этим вопросы. Какими инструментами, ресурсами и резервами обладает Комитет государственных доходов для осуществления новых функций? Каким образом передача Комитету государственных доходов функций по валютному контролю и контролю за репатриацией финансов будет способствовать прозрачности и законности оборота капитала? Спасибо.

ТӨРАҒА. Қаржы вице-министрі Біржанов Ержан Ерікұлы, жауап беріңіз.

БІРЖАНОВ Е.Е. Құрметті Мәулен Сағатханұлы! Уважаемый Сергей Алексеевич! На сегодня органы государственных доходов обладают большими человеческими и техническими ресурсами. Мы представлены во всех регионах, во всех пунктах пропуска таможенной границы, также у нас имеется информационная система по импортно-экспортным операциям «Астана-1». Также в рамках Союза торговля осуществляется системой заявления формы 328, мы тоже это отслеживаем. Также внедрена система прослеживаемости товаров между нашими соседними странами. Также есть система управления рисками в налоговых и таможенных сферах. Мы думаем, что такой большой пласт информационных систем позволит в должной мере осуществлять валютный контроль.

Кроме того, хотел бы сказать, что функция валютного контроля для органов государственных доходов не новая, до 2007 года таможенные органы такой контроль осуществляли. Вносимыми изменениями этот контроль будет производиться в оперативном режиме. Если мы в определенной периодичности и по суммам имели доступ к системе Национального Банка, то сейчас мы в режиме онлайн будем отслеживать валюту по импортно-экспортным операциям. Мы будем осуществлять контроль баланса «деньги – товар», то есть сколько денег ушло, на столько же должно быть возвращено товара. Если в срок эти средства не будут возвращены, в законодательстве предусмотрена реализация права по привлечению к административной ответственности. Все эти меры, я думаю, позитивно скажутся на повышении эффективности валютного контроля. Спасибо.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Арубаев Сәкен Қаланұлына беріледі.

АРУБАЕВ С.Қ. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Қаржы министрлігі мен Бас прокуратураның өкілдеріне.

«Заңсыз сатып алынған активтерді мемлекетке қайтару туралы» Заңның басты мақсаты – қайтарылған активтерді басқару, олардың сақталуын қамтамасыз ету және сату болып табылатын басқарушы компания құру. Осы басқарушы компанияға мемлекет атынан кең өкілеттік берілетін болады. Сондықтан басқарушы компания мықты және дұрыс басқарылатын дайын компания болу керек деп ойлаймын. Осыған байланысты сіздерде қазір нақты ұсыныс бар ма?

Басқарушы компанияның құрамы қалай жасақталады, кімдерден құрылады, осы мәселені ашып айтып берсеңіздер. Рақмет.

ТӨРАҒА. Ержан Ерікұлы, алдымен сіз жауап беріңіз.

БІРЖАНОВ Е.Е. Сұрағыңызға рақмет.

Басқарушы компания мәселесін мемлекеттік органдармен талқылаған болатынбыз. Басқарушы компанияның басты мақсаты – қайтарылған мүлікті басқару және сату. Ал қаржы тіке шотқа түседі, сондықтан оның функциясы белгіленген. Басқарушы компанияда бүгінгі таңда жоспар бойынша 10-15 адам жұмыс атқаруы тиіс. Басқарушы компанияға штат қаржы түсердің алдында, яғни сот шешімдері, қаулылар қабылданғаннан кейін барып алынатын болады. Оған экономика саласында, заң саласында жоғары білімі бар және бірнеше тілді білетін азаматтар қабылданатын болады. Бұл мәселені біз басқа министрліктермен бірге талқылаймыз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Ұлан Сапарұлы, жауап беріңіз.

БАЙЖАНОВ Ұ.С. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті Сәкен Қаланұлы! Әрине, басқарушы компанияның құрамын бекіту өте маңызды мәселе. Бұл компанияда мықты, жақсы дайындалған қызметкерлер жұмыс істеуі керек. Біздің ойымызша Үкімет осы компанияның жалғыз құрылтайшысы болады. Осы күрделі жұмысты Қаржы министрлігі атқарады. Ол компанияға берілген активтерді басқару тәртібін анықтайды. Компанияның қызметі ашық болады. Жыл сайын тәуелсіз аудит жүргізіліп, есебі жарияланады, содан кейін қамқоршылық кеңес құрылады. Оған Парламент депутаттары, қоғам өкілдері және тәуелсіз сарапшылар кіруі мүмкін. Ал қаржылық бұзушылық немесе теріс пайдалану болса олармен тиісті органдар айналысатын болады. Сол кезде прокуратура саласындағы қадағалау функцияларын пайдаланамыз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет. Басқа сұрақтар жоқ.

Спасибо, Андрей Иванович, присаживайтесь.

Құрметті әріптестер, енді заңдарды талқылауға көшейік.

Сөз депутат Бекназаров Нұрлан Құдиярұлына беріледі.

БЕКНАЗАРОВ Н.Қ. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Қаралып отырған «Заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару туралы» Қазақстан Республикасының Заңы мен оған ілеспе заңдардағы қолданыстағы бірқатар заңнамалық актілерге енгізуге ұсынылған өзгерістер мен толықтырулар Мемлекет басшысының заңсыз активтерді қайтару бойынша тапсырмасын орындауға бағытталған.

Президент экономикалық ресурстардың заңсыз шоғырлануын жою және оларды қайтару жөнінде мемлекеттік органдардың алдында нақты міндеттер жүктеген болатын.

Еліміздегі сарапшылардың мәліметтеріне сәйкес әр түрлі заңсыз жолдармен мемлекеттің мүлкі мен қыруар қаражаты иемденіліп, шет елге де шығарылған. Сондықтан заңсыз активтерді кері қайтару және оларды халық игілігіне пайдалануды қамтамасыз ету мемлекеттің бірінші кезектегі міндеттерінің бірі болып табылады.

Бүгінгі күні қолданыстағы заңнамалық актілер заңсыз активтерді қайтарудың тиісті рәсімдерін құқықтық реттеу тұрғысынан толық көлемде қамтамасыз етпей отыр. Осыған байланысты ұсынылып отырған заңдарда елімізде заңға қайшы әрекеттер нәтижесінде пайда болған активтерді анықтау, дәлелдеу, алдын алу және оларды мемлекетке қайтару тетіктері реттеліп, осы саладағы арнаулы және мемлекеттік органдардың құзыреттері мен міндеттері нақты айқындалған. Сонымен қатар заңсыз активтерді қайтару жөніндегі қызметті жүзеге асырудың құқықтық негіздері мен қағидаттары бекітілген. Бұл мәселелер бойынша жаңа негізгі баяндамашы егжей-тегжей баяндап өтті.

Заңменен активтерді сот тәртібімен мәжбүрлі түрде қайтарудан бөлек жеке және заңды тұлғалардың заңсыз активтерді мемлекетке ерікті түрде қайтару нормалары да қарастырылған.

Заңдарды қабылдау заңсыз шығарылған активтерді мемлекетке қайтаруды қамтамасыз етіп, қоғамдағы әлеуметтік әділеттікті қалпына келтіруге, еліміздің экономикалық дамуы мен халқымыздың әлеуетінің артуына оң септігін тигізетін болады деп есептеймін.

Құрметті әріптестер, баяндалғандарды ескере отырып заңдарды қолдауларыңызды сұраймын.

Назар қойып тыңдағандарыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет. Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді заңдар бойынша жеке-жеке шешім қабылдайық.

Алдымен «Заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару туралы» Қазақстан Республикасының Заңын мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң мақұлданды.

Енді «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын бірінші оқылымда мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды.

Енді «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын бірінші оқылымда мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды.

Енді «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын бірінші оқылымда мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды.

Бас комитетке заңдарды екінші оқылымға әзірлеу тапсырылады.

Слово предоставляется Лукину Андрею Ивановичу.

ЛУКИН А.И. Рақмет.

Құрметті Төраға, құрметті әріптестер! Вношу предложение – включить в повестку сегодняшнего заседания Сената рассмотрение следующих законов Республики Казахстан во втором чтении:

«О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам возврата государству незаконно приобретенных активов»;

«О внесении дополнения в Кодекс Республики Казахстан «О налогах и других обязательных платежах в бюджет (Налоговый кодекс)»;

«О внесении изменений и дополнений в Кодекс Республики Казахстан об административных правонарушениях». Рақмет.

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, бұл ұсынысты дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Шешім қабылданды. Заңдар бүгін екінші оқылымда қаралады.

Осы мәселелер бойынша шақырылған азаматтар, екінші оқылымға дейін боссыздар. Рақмет.

Құрметті сенаторлар, күн тәртібіндегі келесі қаралатын үш мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Онлайн-платформалар және онлайн-жарнама туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жөнінде және ілеспе заңдарды – «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне онлайн-платформалар және онлайн-жарнама мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы мен «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын бірінші оқылымда қарау жөнінде.

Бұл заңдар да бір топ Парламент депутаттарының бастамашы болуымен әзірленді. Үш заң бір-бірімен байланысты, сондықтан бас комитет оларды бірге қарауды ұсынып отыр. Қарсылық жоқ па?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса «Онлайн-платформалар және онлайн-жарнама туралы» Заң мен оған ілеспе заңдар бойынша бір баяндама жасау үшін сөз Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің мүшесі Қапбарова Айгүл Жарылқасынқызына беріледі.

ҚАПБАРОВА А.Ж. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! «Онлайн-платформалар және онлайн-жарнама туралы» Заң мен оған ілеспе заңдар Мәжілістегі әріптестеріміздің бастамасымен әзірленді.

Заңның мақсаты – Қазақстан Республикасында онлайн-платформалардың қызметі үшін құқықтық негіздер құру.

Заңда онлайн-платформалар мен онлайн-жарнама саласындағы мемлекеттік реттеу тәртібін белгілеу, онлайн-платформалардың жұмыс істеуінің құқықтық режимін және онлайн-жарнамаға қойылатын талаптарды айқындау, онлайн-платформаларды пайдаланушылардың құқықтары мен міндеттерін регламенттеу ұсынылады.

Заңмен «онлайн-платформаны пайдаланушы» және «инфлюенсер (блогер)» анықтамаларымен қатар басқа да терминдер енгізіледі.

Заң нормалары мемлекеттік тілдегі онлайн-платформалар интерфейсін дамытуға бағытталған. Бүгінгі таңда барлық онлайн платформалар интерфейсті қазақ тілінде пайдалануға мүмкіндік бермейді, пайдаланушы келісімімен толық танысуға қарапайым мүмкіндік жоқ.

Заңмен онлайн-платформаларда жалған ақпаратты таратуға және орналастыруға тыйым салу, сондай-ақ онлайн-платформаның меншік иесіне оны жою бойынша талаптар енгізіледі. Сонымен қатар заң жарнамалық мазмұны бар мәтінді орналастыратын пайдаланушылардың жарнаманы таңбалау қажеттілігіне ерекше мән берілген. Онлайн-платформалар туралы жарнамаға, әсіресе балаларға қатысты жарнама механизмін неғұрлым мұқият талдау бойынша міндеттемелер көзделген. Сондай-ақ заң онлайн ортаны қауіпсіз және ашық түрде дамытуды көздейді. Азаматтардың өтініштері негізінде буллинг пен өшпенді риториканы қамтитын мазмұнды контентпен күресуге мүмкіндік беретін нормаларды енгізу ұсынылған.

Ілеспе заң заңнамалық актілерді «Онлайн-платформалар мен онлайн-жарнама туралы» Заңға сәйкес келтіру мақсатында қабылданды. Атап айтқанда, «онлайн-платформа» және «онлайн-жарнама» ұғымдарын енгізуге байланысты Қылмыстық, Кәсіпкерлік кодекстерге, «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы», «Жарнама туралы», «Білім туралы», «Ақпараттандыру туралы» заңдарға түзетулер енгізіледі.

Осылайша Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, тектік-топтық немесе діни алауыздықты қоздырғаны үшін, сондай-ақ көрінеу жалған ақпарат таратқаны үшін, онлайн-платформаларды пайдалана отырып, іс-әрекет жасалған жағдайда оларды қолдану жөніндегі қосымша негіздеме үшін қылмыстық жауаптылықты белгілейтін баптарды диспозицияға енгізу бөлігінде түзетулер қарастырылған.

Бұдан басқа Кәсіпкерлік кодексі шеңберінде бақылау жүзеге асырылатын кәсіпкерлік субъектілерінің қызмет салалары онлайн-платформалар және онлайн-жарнама саласымен толықтырылды.

Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне жаңа 456-2-бап көзделген, оған сәйкес егер бұл әрекеттерде қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаса қоғамдық тәртіпті, азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін, не қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін бұзуға жағдай жасайтын онлайн-платформаларды пайдаланушылар мен әсер етушілердің/инфлюенсерлердің жалған ақпарат таратқаны үшін әкімшілік жауапкершілік енгізу жоспарланған.

Құрметті әріптестер! Аталған заңдардың қабылдануы азаматтардың ақпарат алу және тарату құқықтарын іске асыру үшін қауіпсіз интернет ортасын қалыптастыруға, онлайн-платформалар мен пайдаланушылар арасында тиімді кері байланыс орнатуға, Қазақстандағы онлайн-жарнаманы заңнамалық реттеуге, онлайн-платформалардағы экономикалық қызметтің ашықтығын арттыруға, мемлекеттік тілдегі интерфейсті дамытуды ынталандыруға, отандық контент өндірушілерге қолдау көрсетуге мүмкіндік береді.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитеті «Онлайн-платформалар және онлайн-жарнама туралы» Қазақстан Республикасының Заңын мақұлдауды және Сенат Регламентінің 58-тармағына сәйкес «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне онлайн-платформалар және онлайн-жарнама мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы», «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңдарын бірінші оқылымда мақұлдауды ұсынады.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, заңдар бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

Сөз депутат Асанова Жанна Бейсентайқызына беріледі.

АСАНОВА Ж.Б. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Ақпарат және қоғамдық даму министрлігіне.

Заңның 9-бабы 8) тармақшасына сәйкес «кәмелетке толмағандардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдау» 10) тармақшасында «балаларға қатысты буллинг пен риториканы қамтитын контенттерді жариялайтын акаунттарды бұғаттау» жөніндегі нормалар қарастырылған.

Бұл бүгінгі күні өте қажетті норма деп білемін. Қазіргі кезде балалар мен жасөспірімдер онлайн буллингтен көп зардап шегіп жатқаны, тіпті кейбіреулерінің соңы суицидке апарып жатқаны бәрімізге мәлім. Осы орайда менің сұрағым бар.

Мұндай жағымсыз контентті қалай анықтайсыздар? Осындай контенттерді жедел анықтап, автоматты түрде бұғаттап отыратын механизмдер бар ма, жоқ па? Рақмет.

ТӨРАҒА. Ақпарат және қоғамдық даму вице-министрі Кочетов Евгений Дмитриевич. Пожалуйста, прошу ответить.

КОЧЕТОВ Е.Д. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті Жанна Бейсентайқызы, сұрағыңызға рақмет.

Бұл өте маңызды мәселе. Өздеріңіз білетіндей, өткен жылы кибербуллинг туралы заң қабылданған болатын. Сол заң бойынша бізде нақты алгоритм бар. Бұл екі бағытта жүргізіледі, біріншісі – медиакеністікке мониторинг жүргізу арқылы құқыққа қайшы контентті анықтаймыз, екіншісі – арыз беру бойынша.

Экспертная группа по рассмотрению обращений по вопросам кибербуллинга (так у нас называется специальная структура, созданная при министерстве) в случае выявления и подтверждения фактов кибербуллинга в социальных сетях, на онлайн-платформах, мы, как уполномоченный орган в работе с онлайн-платформами, в течение 24 часов подобного рода контент удаляем. Это ответ на первый вопрос.

Касательно автоматической блокировки. Сейчас таких технических возможностей нет. В законе предусмотрены нормы по вопросам работы с полномочными представителями. Мы надеемся, что в случае принятия данного законопроекта сможем максимально детально эти нормы отработать по точечной блокировке контентов, связанных с кибербуллингом. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Жөргенбаев Жанболат Әкебайұлына беріледі.

ЖӨРГЕНБАЕВ Ж.Ә. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Ақпарат және қоғамдық даму министрлігіне.

Заңның 5-бабында онлайн-платформалардағы мемлекеттік тілге қатысты талаптар көрсетілген. Нақтырақ айтсақ, онлайн-платформа иесі барлық контентті мемлекеттік тілде конвертациялау мүмкіндігін қарастырады деп көзделген. Бұл қажетті норма деп білемін. Алайда баршамызға белгілі инфлюенсерлер мен басқа да желі қолданушылары контенттерді өзіне ыңғайлы тілде әзірлейді.

Осы орайда заңның осы талабын қаншалықты сапалы орындауға мүмкіндік бар? Рақмет.

ТӨРАҒА. Евгений Дмитриевич, пожалуйста.

КОЧЕТОВ Е.Д. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы. Жанболат мырза, сұрағыңызға рақмет.

Біріншіден, қазақ тілінің қолдану аясын дамыту біз үшін басым және айқын мақсаттардың бірі болып табылады. Мемлекеттік тілдегі контент пайдаланушылары жылдан-жылға артып келеді. Бұл онлайн платформаларға да қатысты. Бұл ашық факт.

Екіншіден, өздеріңіз білетіндей, кейбір әлеуметтік желілер де қазақ тілді пайдаланушылардың жағына шығуда. Мысалы, TikTok өзінің интерфейсін аударды, Facebook автоматты аударманы енгізді.



Бұндай талаптар болған жоқ, олардың өздері осы бағытта өзгерістер жасады.

Заңда бірқатар нормалар бар. Бұл – интерфейсті пайдалану, автоматты аударма жасау және пайдаланушы келісімінің қазақ тілінде болуы туралы нормалар.

Менің ойымша, қазақ және орыс тіліндегі пайдаланушылар үшін тең жағдай жасау әділетті. Бұл дұрыс болады. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет. Сөз депутат Рүстемов Руслан Рүстемұлына беріледі.

РҮСТЕМОВ Р.Р. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің өкіліне арналады.

Құрметті Евгений Дмитриевич, мен сұрайын деген мәселе онлайн жарнаманы реттеуге қатысты.

Соңғы мәліметтерге сәйкес біздің елімізде 350 мыңға жуық адам (олардың көпшілігі жастар) лудоманиямен ауырады. Менің ойымша, соңғы уақытта интернетте букмекерлік кеңселер мен ойын бизнесінің жарнамасы өте агрессивті болып кетті. Осыған байланысты екі сұрағым бар.

1. Жарнаманың бұл түрі таңбаланады ма?
2. Бұл жарнамаға тыйым салу немесе шектеу жоспарлары бар ма?

ТӨРАҒА. Евгений Дмитриевич, жауап беріңіз.

КОЧЕТОВ Е.Д. Рақмет.

Руслан Рүстемұлы, сұрағыңызға рақмет. Бұл заңда лудомания бойынша арнайы нормалар жоқ, бірақ барлық жарнама таңдалатын болады.

Я добавлю, что в рамках рабочей группы в Мажилисе, когда законопроект обсуждался, были поправки, предложения от ряда фракций по включению норм по лудомании. Насколько мне известно, я думаю, Айдос Әміроллаұлы этот факт подтвердит, отдельный законопроект по лудомании будет рассматриваться осенью.

Но еще раз скажу на русском языке, мы не делим контент с точки зрения маркировки на лудоманию или еще что-то. Под правила маркировки будет подпадать весь контент, что мы, собственно говоря, предусмотрим в подзаконных нормативных правовых актах. Рақмет.

ТӨРАҒА. В целом понятно, это концептуальный закон. А по лудомании, наверное, Евгений Дмитриевич, нам нужно будет вместе с коллегами отдельно вернуться к этому вопросу, учитывая, что в казахстанском обществе эта проблема становится очень актуальной. Многие пишут, жалуются. В этой связи, видимо, отдельным законом или поправками в действующие законы мы должны постараться ограничить. Давайте посмотрим мировой опыт. Попробуем ограничить данные явления в нашей стране, наложить какие-то запреты. Еще раз говорю, с точки зрения мирового опыта мы должны все посмотреть. Но в любом случае в этом направлении нам нужны конкретные шаги. Давайте, не откладывая в долгий ящик, вместе займемся этой проблемой.

Рақмет. Басқа сұрақтар жоқ.

Рақмет, Айгүл Жарылқасынқызы. Орныңызға отырыңыз.  
Құрметті әріптестер, енді заңдарды талқылауға көшейік.  
Сөз депутат Рақметова Әсем Қалашбайқызына беріледі.

РАҚМЕТОВА Ә.Қ. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Талқыланып отырған құжат – заманның талабына сай жеткен заң. Негізгі мақсат алдымен адам құқығын қорғауға, түрлі платформалардағы қылмыстың алдын алуға, жарнаманың аражігін ажыратып, заңдастыру, заңсыз, жалған жарнамаға қарсы тұруға бағытталып отыр. Сонымен қатар тағы бір мәселе бұған дейін реттелмеген әлеуметтік желідегі мемлекеттік тілдегі ақпарат жеткізу аясын кеңейтуге бағытталып отыр.

Заң нормалары онлайн-платформалардың жұмысы мен онлайн-жарнамалардың қызметін Қазақстан Республикасының заңы аясында жүйелендіруі арқылы «әлеуметтік желі қолданушысы» мәдениетін қалыптастыру, осы саланы мемлекеттік реттеудің негіздерін енгізу көзделген.

Осы заңды жүзеге асыру аясында ілеспе заңдарға, оның ішінде Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске және өзге де заңнамалық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі.

Алғаш рет қолға алынған бұл заң қабылданған жағдайда елімізде онлайн-платформа арқылы ақпарат алмасу мен тарату құқығы іске асырылып, қауіпсіз онлайн сала қалыптасады.

Бұдан басқа бұған дейін толық реттелмей келген онлайн-жарнаманы тәртіпке келтіріп, интернет-жарнамалар заңдастырылып, осы саладағы экономикалық қызметтің ашықтығы артады және интернет желісінде мемлекеттік тілдің дамуына да септігін тигізеді.

Ілеспе заң қолданыстағы нормативтік құқықтық базаны жетілдіруге және жекелеген заңнамалық актілерді «Онлайн-платформалар және онлайн-жарнама туралы» Қазақстан Республикасы Заңының ережелеріне сәйкес келтіруге бағытталған.

Құрметті әріптестер! «Онлайн-платформалар және онлайн-жарнама туралы», «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне онлайн-платформалар және онлайн-жарнама мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы», «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңдарды қолдаймын және сіздерді де осы заңдарды қолдауға шақырамын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді заңдар бойынша жеке-жеке шешім қабылдайық.

Алдымен «Онлайн-платформалар және онлайн-жарнама туралы» Қазақстан Республикасының Заңын мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң мақұлданды.

Енді «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне онлайн-платформалар және онлайн-жарнама мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын бірінші оқылымда мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды.

Енді «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын бірінші оқылымда мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды. Бас комитетке ілеспе заңдарды екінші оқылымға әзірлеу тапсырылады.

Сөз депутат Жүсіп Нұртөре Байтілесұлына беріледі.

ЖҮСП Н.Б. Құрметті Төраға, құрметті депутаттар! Сенат отырысының күн тәртібіне «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне онлайн-платформалар және онлайн-жарнама мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» және «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңдарды екінші оқылымда қарауға енгізуді ұсынамын.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, бұл ұсынысты дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Шешім қабылданды. Заңдар бүгін екінші оқылымда қаралады.

Осы мәселелер бойынша шақырылған азаматтар, екінші оқылымға дейін боссыздар.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіндегі келесі қаралатын екі мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Кәсіптік біліктілік туралы» Қазақстан Республикасының Заңы мен «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіптік біліктілік, мемлекеттік наградалар, әлеуметтік қамсыздандыру және білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын бірінші оқылымда қарау жөнінде.

Заңдар кәсіптік біліктілік мәселесіне қатысты, сондықтан бас комитет екі заң бойынша бір баяндама жасауды ұсынып отыр. Қарсылық жоқ па?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса екі заң бойынша баяндама жасау үшін сөз Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің мүшесі Жүнісов Талғат Тұрлыбекұлына беріледі.

ЖҮНИСОВ Т.Т. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! «Кәсіптік біліктілік туралы» Заң және оған ілеспе «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық

актілеріне кәсіптік біліктілік, мемлекеттік наградалар, әлеуметтік қамсыздандыру және білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң бойынша баяндауға рұқсат етіңіздер.

«Кәсіптік біліктілік туралы» Заң Мемлекет басшысының 2021 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру мақсатында әзірленген.

Бұл заңның өзектілігі жұмыс берушілердің тез өзгертін талаптарына, көптеген жастардың еңбек нарығына шығуына, сондай-ақ білім алу тәсілдерінің өзгеруіне байланысты болып отыр.

Экономикасы жоғары дамыған елдерде дәл осы Ұлттық біліктілік жүйесі жоғарыда айтылған қауіп-қатерлерге ден қоюдың негізгі құралы болып табылады.

Бізде біліктілік жүйесінің заңнамалық базасы 2010 жылдан кейін қалыптаса бастады. Алайда бұл жұмыс үзінді түрде жүргізілді, жүйені қалыптастыру тетіктері толық пысықталмады. Осыған байланысты заң Ұлттық біліктілік жүйесі архитектурасын, басқару моделі және міндеттерін айқындайды.

Біріншіден, қолданыстағы және болашақта сұранысқа ие кәсіптер мен кәсіптік біліктіліктерді ретке келтіру және оларды бірыңғай жүйеге біріздендіру. Кәсіптер туралы, олар бойынша тану тәсілдері туралы барлық ақпарат тиісті тізілімде жинақталатын болады. Оны жүргізу Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне бекітіліп беріледі.

Тізілім реттелетін және реттелмейтін кәсіптерге бөлінеді. Реттелетін кәсіптер бойынша міндетті сертификаттау талап етіледі және олар бойынша тәртіп салалық заңдармен белгіленеді. Реттелмейтін кәсіптер үшін сертификаттау ерікті түрде болады.

Тізілім жыл сайын жұмыс берушілер қауымдастығы мен кәсіподақтардың ұсыныстары негізінде жаңартылатын болады.

Екіншіден, жұмыс берушілердің мамандардың дағдыларына, білімі мен дағдыларына қойылатын талаптары кәсіптік стандарттарда белгіленген. Енді салалық мемлекеттік органдар кәсіптік стандарттарды әзірлеуге және олардың өзектілігіне жауапты болады. Бұл мемлекеттік органдарға өз бюджеттері шеңберінде оларды әзірлеуге және өзектендіруге қаражат жоспарлауға мүмкіндік береді.

Үшіншіден, білім беру ұйымдары жұмыс берушілердің пікірлерін есепке алу үшін кәсіптік стандарттар негізінде білім беру бағдарламаларын әзірлейді.

Төртіншіден, кадрларды даярлау сапасын бағалаудың маңызды элементі – тәуелсіз сертификаттау кәсіптік біліктілікті тану арқылы іске асырылатын болады. Бұл механизм қазақстандықтарға тек колледждер мен жоғары оқу орындарында ғана емес, сонымен қатар онлайн платформаларда немесе жұмыс орнындағы оқытудан алған дағдыларын растауға мүмкіндік береді. Бұл әсіресе жоғары білім талап етілмейтін жаңа мамандықтар бойынша білім алатын жастарды жұмысқа орналастыруға қосымша мүмкіндік береді. Сондай-ақ бұл сертификаттар мен жаңа дағдылардың болуын растай отырып, өмір бойы біліктілікті арттыруға мүмкіндік береді.

Жұмыскерлер мен жұмыс берушілерді кәсіптік біліктіліктерін тану үшін ынталандыру мақсатында мыналар көзделеді:

жұмыссыздарға тегін негізде кәсіптік біліктілігін тануға ваучерлер беру;

жұмыс берушілерден өтемақы, кепілдіктер және жеңілдіктер арқылы жаңа дағдыларды алу;

қызметкерлерін біліктілігін арттыруға жіберетін жұмыс берушілер үшін қызметті декларациялау.

Сонымен қатар заң жобасында үш деңгейлі басқару жүйесін құру қарастырылған.

Бірінші деңгейде – ұлттық біліктілік жүйесін стратегиялық басқаруға жауапты бірыңғай шешім қабылдау орталығы болып табылатын Ұлттық кәсіптік біліктілік кеңесі.

Екінші деңгейде – өз саласын кәсіби білікті кадрлармен қамтамасыз етуге жауапты, салалық біліктілік жүйелерін қалыптастыруда жетекші рөл атқаратын мемлекеттік органдардың жанынан кәсіптік біліктілік жөніндегі салалық кеңестер құру.

Үшінші деңгейде Ұлттық біліктілік жүйесі бойынша әдістемелік және сараптамалық қолдау көрсету жөніндегі функциялар кіретін кәсіптік біліктілік жөніндегі ұлттық орган құру көзделеді.

Ілеспе заң шеңберінде негізгі жобаға сәйкес келтіруге бағытталған бірқатар заңнамалық актілерге өзгерістер енгізіледі.

Сондай-ақ Мемлекет басшысының тапсырмаларын іске асыру мақсатында ілеспе заң жобасымен келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі.

1. «Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы» Заңға Қазақстан Республикасының «Ел бірлігі» орденін тағайындау жөніндегі ұсыныс.

2. «Назарбаев Университеті», «Назарбаев Зияткерлік мектептері» және «Назарбаев Қоры» мәртебесі туралы» Заңға Мемлекет басшысының дербес білім беру ұйымдарының Жоғары қамқоршылық кеңесін құру жөніндегі өкілеттіктерін айқындау бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі.

3. Әлеуметтік кодекске Конституциялық Соттың 2023 жылғы 8 сәуірдегі № 8 нормативтік қаулысын орындау үшін бірқатар редакциялық өзгерістер көзделген.

Қаралып отырған заңдардың қабылдануы кадрларды даярлау жүйесін еңбек нарығымен байланыстыруға, кәсіптік біліктілікті танудың тәуелсіз жүйесін енгізуге, сондай-ақ қызметкерлерге, жұмыссыздарға және ізденушілерге тез және сапалы жұмысқа орналасуға мүмкіндік беретін болады.

Құрметті әріптестер! Сенаттың тұрақты комитеттерінен заңдардың тұжырымдамасы бойынша ескертпелер мен ұсыныстар түскен жоқ.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитеті «Кәсіптік біліктілік туралы» Қазақстан Республикасының Заңын мақұлдауды және Сенат Регламентінің 58-тармағына сәйкес «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіптік біліктілік, мемлекеттік наградалар, әлеуметтік қамсыздандыру және білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңды бірінші оқылымда мақұлдауды ұсынады.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, заң бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

Сөз депутат Сарыбаев Ғалиасқар Төлөндіұлына беріледі.

САРЫБАЕВ Ғ.Т. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Оқу-ағарту, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрліктеріне.

Елімізде экономикалық белсенді тұрғындардың үздіксіз біліммен қамтамасыз етілуі бар болғаны 17 пайызды құрайды және PISA халықаралық рейтингінде 79 ел арасында Қазақстан төменгі 69 орында.

Жыл сайын мектеп, колледж және жоғары оқу орнын 780 мыңға жуық жас тәмамдайды. Олардың басым бөлігі ең төменгі жалақыға жұмыс істейді немесе мүлдем жұмысқа орналаса алмайды.

Заң аясында солардың формальды және информальды алған білімін, іскерлігін және дағдыларын тануы орталықтар арқылы қарастырылған.

Жастарымыз жаңа технологияларды тез меңгереді. Алайда олар біліктілігін растайтын сертификат алғаннан кейін онда болашақта оқуын жалғастырмай қалуы мүмкін ғой. Осыған орай екі сұрағым бар.

Бірінші. Жаңа тәсілдердің енуіне байланысты ұлтымыздың білім алу деңгейі төмендеп кетпей ме? Колледждердің жағдайы қалай болады және білім алушылар контингенті күрт түсіп кетпей ме?

Екінші. Кәсіптік біліктілік жүйесінің негізгі құралдарын қамтитын ақпараттық-аналитикалық платформа қалай қарастырылған? Цифрлық трансформация қалай жүзеге асады? Рақмет.

ТӨРАҒА. Оқу-ағарту вице-министрі Оспан Еділ Сабырұлы, жауап беріңіз.

ОСПАН Е.С. Сұрағыңызға рақмет.

Осы заң жобасы бірқатар өзгерістер енгізіп отыр. Десек те диплом бұл белгілі бір салада білімнің болуын растайтын құжат және ол мамандықтың негізгі талабы болып қала береді.

Заң жобасында ұсынылып отырған формальды және информальды алған білім іскерлігін сертификаттауға, яғни азаматтарға еңбек нарығына тез кіруге мүмкіндік береді.

Өз кезегінде біліктілігін сертификаттау колледждер мен жоғары оқу орындарына еңбек нарығына қажетті мамандарды дайындауға академиялық дербестік шеңберінде икемделуге мүмкіндік береді. Өзіңіз айтып отырғандай, технологияларды ескеретін болсақ, азаматтарымыз еңбек нарығына қажетті мамандықтарды игеру үшін біздің колледждерге келіп үнемі біліктілігін арттыруға мүмкіндік алады. Демек бұл жүйе керісінше біздің колледждердің жаңа бағытта, яғни еңбек нарығына сай дамуына мүмкіндік жасайды деп ойлаймыз.

ТӨРАҒА. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Ордабаев Олжас Темірбекұлы, өз тарапыңыздан жауап беріңіз.

ОРДАБАЕВ О.Т. Рақмет.

Кәсіпкерлік туралы толық ақпарат халыққа қолжетімді болу керек. Соған байланысты біз заң жобасында цифрлық платформаны қарастырдық. Осы цифрлық

платформа арқылы азаматтардың толық ақпарат алуына мүмкіндік беріледі. Осы платформада кәсіптік біліктілік қандай мамандықтар бойынша танылатыны, еңбек нарығында қандай мамандықтардың болатыны, қандай мамандықтар бойынша кәсіптік біліктіліктің танылатыны, өз біліктілігін қандай тану орталықтарында растауға болатыны, сертификациядан өткен адамдардың тізімі, қандай мамандық бойынша қандай білімге және дағдыға ие болу қажеттілігі туралы мәліметтер болады. Сонымен қатар жұмыссыз адам осы портал арқылы ваучерге өтінімді жібере алады. Сондай-ақ сертификацияға өтініштерді осы портал арқылы жіберуге болады. «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлік палатасында аккредитациядан өтетін сертификацияны тану орталықтары осы портал арқылы құжаттарын жібере алады. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Рысбекова Ләззәт Тұяқбайқызына беріледі.

РЫСБЕКОВА Л.Т. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің өкіліне.

В соответствии с законом Национальная палата предпринимателей «Атамекен» является одним из участников Национальной системы квалификаций. Аккредитация центров признания теперь будет проводиться Национальной палатой предпринимателей «Атамекен».

Следует отметить, что в свое время перед Национальной палатой предпринимателей «Атамекен» ставилась задача по разработке профессиональных стандартов. Однако данная работа была провалена, потеряно много времени, а результата никакого.

Сегодня эту компетенцию возвращают государственным отраслевым органам. В то же время в законе предусматривается утверждение профессиональных стандартов с учетом заключения Национальной палаты предпринимателей «Атамекен».

В связи с этим следующий вопрос: насколько целесообразно участие Национальной палаты предпринимателей «Атамекен» в Национальной системе квалификаций, в частности, в аккредитации центров признания и утверждении профессиональных стандартов?

ТӨРАҒА. Олжас Темірбекұлы, жауап беріңіз.

ОРДАБАЕВ О.Т. Рақмет.

Вопрос действительно очень важный. В рамках данного законопроекта мы пересмотрели компетенции всех участников Национальной системы квалификаций, в том числе компетенции Национальной палаты предпринимателей «Атамекен». Ранее компетенция по утверждению профессиональных стандартов была у НПП «Атамекен», по разработке – у отраслевых ассоциаций, которые аккредитованы в рамках НПП «Атамекен». На сегодня мы эти компетенции передаем в рамках данного законопроекта отраслевым государственным органам для того, чтобы была более координированная работа.

Также на базе отраслевых государственных органов создаем отраслевые советы, куда войдут ассоциации, работодатели. Отраслевая экспертиза останется в разработке профессиональных стандартов.

Касательно аккредитации. На сегодня у НПП «Атамекен» есть наработанная практика проведения аккредитации. Последние годы они этой работой занимаются. 25 сертификационных центров аккредитованы НПП «Атамекен».

Учитывая, что в рамках данного законопроекта правила проведения аккредитации будем определять мы, как уполномоченный орган – Министерство труда и социальной защиты населения, контроль, мониторинг этой деятельности будем осуществлять мы. Считаем, что НПП «Атамекен» эту работу проводить сможет, учитывая их наработанную практику, наличие филиалов во всех областях и районах, а также присутствие отраслевых экспертов на базе их региональных советов.

Помимо этого, в законопроекте предусмотрены два вида аккредитации, второй – на базе Национального центра аккредитации при Комитете технического регулирования и метрологии. Считаем, что предусмотренные два пути смогут друг друга взаимодополнять. Спасибо.

ТӨРАҒА. Әріптестер, отырысқа «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлік палатасы басқарма төрағасының орынбасары қатысып отыр. Тимур Арсенұлы, қосарыңыз бар ма? Біздің әріптестер сіздерге қатысты сұрақ қойып жатыр. Сіздердің қолдарыңыздан келе ме деген де сұрақ туындап жатыр. Соған байланысты не айтасыз?

НАҚЫПБЕКОВ Т.А. Сұрағыңызға рақмет. Жалпы, «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлік палатасы ретінде айтатынымыз, біз 2017 жылдан бастап сертификациялау орталықтарын аккредиттеумен айналысамыз. 2017 жылдан бастап 25 орталық құрылды, 33 мыңнан астам адамды сертификациялау жүзеге асырылды.

Жаңағы қойылған сұрақтың аясында айтатынымыз, «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлік палатасының жанында әрбір ауданнан бастап республика деңгейіне дейін қауымдастықтар шоғырланған, яғни аудан көлемін алатын болсақ, аудандық кәсіпкерлер кеңестері, облыстарды алатын болсақ, облыстық кәсіпкерлік кеңестері, әрбір облыстық кәсіпкерлер кеңесінің жанында салалық кәсіпкерлік кеңестері бар, ал республикалық деңгейде республикалық қауымдастықтар, ассоциациялар бар. Сондықтан осы жинақталған барлық біліктілік біздің кәсіби стандарттарды жасақтауда қажетті сараптаманы тиісті деңгейде беруді қамтамасыз етеді деп ойлаймын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Жақсы. Рақмет.

Слово предоставляется депутату Ниязовой Нурие Исмагиловне.

НИЯЗОВА Н.И. Спасибо, уважаемый Маулен Сагатханулы.

Мой вопрос адресован Министерству труда и социальной защиты населения.

В рамках закона предусмотрены нормы касательно выдачи единоразового ваучера на признание профессиональных квалификаций, которые требуют финансирования из республиканского бюджета,



Стоимость общего объема затрат на 2023 – 2025 годы составляет около 245 миллионов тенге на 4,5 тысячи человек. При этом согласно статье 29 настоящего закона единоразовый ваучер аннулируется, если он не был использован в течение срока. Из вышеизложенного у меня возникают два вопроса.

Первый вопрос. Какой срок действия единоразового ваучера?

Второй вопрос. В случае если безработное лицо не трудоустроилось по единоразовому ваучеру в установленный законодательством срок, какие будут приниматься меры ответственности к таким безработным лицам и уполномоченному органу за неэффективное использование бюджетных средств? Спасибо.

ТӨРАҒА. Олжас Темірбекұлы, жауап беріңіз.

ОРДАБАЕВ О.Т. Спасибо за вопросы.

Действительно, у нас предусмотрен ваучер на бесплатное прохождение сертификационного процесса, как мера поддержки для безработного населения. В рамках данного ваучера предусмотрено финансирование как прохождения сертификации, так и в случае необходимости дорожных затрат, если человек из района едет в город, в областной центр для сдачи экзамена в рамках сертификационного процесса.

Данный сертификат действует в течение финансового года, потому что мы работаем в рамках Бюджетного кодекса.

Касательно ответственности. Главная задача безработного – начать проходить процесс сертификации. При неуспешном прохождении сертификации мы не ставим вопроса о возврате финансовых средств, потому что гражданин начал проходить, но не смог правильно ответить на какие-то экзаменационные вопросы. В первую очередь это безработное население.

Касательно того, насколько качественно была проведена сертификация, позволит ли этот сертификат трудоустроиться. В целом мы предусматриваем в законопроекте ответственность центров сертификации за качественное проведение процедуры, за то, чтобы не было никаких механизмов прохождения, выходящих за рамки закона. Если будут выявлены такие процедуры, то ответственность будет нести как сертификационный центр, так и в случае неправильного прохождения аккредитации НПП «Атамекен». Спасибо.

ТӨРАҒА. Этот момент очень важен, Олжас Темирбекович. Люди же разные могут быть. Могут взять эти ваучеры... У них же все равно какая-то стоимость есть? В этой связи вместе с соответствующими центрами могут прийти к каким-то договоренностям, обналичивать какие-то вещи. Тем более вы делаете большой охват, видимо, дальше будете продолжать этот опыт. Поэтому здесь надо заложить антикоррупционные механизмы приказами министерства, вашими областными департаментами. Я думаю, здесь тоже надо отслеживать, чтобы этот механизм (вроде бы хороший механизм) не стал каким-то инструментом для обналичивания этих денег. Очень важный момент. Поэтому я считаю, что наши депутаты правильно поднимают данный вопрос, нужно самое пристальное внимание уделить этим антикоррупционным механизмам.

Құрметті әріптестер, басқа сұрақтар жоқ.  
Рақмет, Талғат Тұрлыбекұлы. Орныңызға отырыңыз.  
Енді заңдарды талқылауға көшейік.  
Сөз депутат Әлназарова Ақмарал Шәріпбайқызына беріледі.

ӘЛНАЗАРОВА А.Ш. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, қадірлі әріптестер! Қаралып отырған заңдар Ұлттық біліктілік жүйесін біріздендіріп, кәсіптер мен кәсіптік біліктіліктерді реттеуге бағытталып отыр және алғашқы рет әзірленіп отыр.

Бұл өз кезегінде еңбек нарығында кәсіптік біліктілікті тану арқылы жүйелі тетіктерді қарастырады және қоғамдық қатынастарды кешенді реттеудің тиімді құқықтық негізін қалыптастырады. Ұлттық біліктілік жүйесінің элементтерін және кәсіби біліктілікті тану арқылы еңбек саласындағы қатынастарды реттеу тетіктерін жүйелейді. Сондай-ақ жүйенің барлық қатысушыларының рөлін, функционалдығын, өкілеттіктерін, жауапкершілігін, құқықтары мен міндеттерін бекітетін Ұлттық біліктілік жүйесін басқарудың үш деңгейлі моделін енгізу, әрбір деңгейде бірыңғай үйлестіру және шешім қабылдау орталықтарын құруды ұсынады. Сонымен қатар кандидаттарға кәсіптік біліктілікті тану туралы құжаттарды беруді жүзеге асыру үшін құрылатын біліктілікті тану орталықтарын аккредиттеу жөніндегі функцияларды Қазақстан Республикасының ұлттық кәсіпкерлер палатасына беруді көздейді.

Ілеспе заң қолданыстағы нормативтік құқықтық базаны жетілдіруге және жекелеген заңнамалық актілерді «Кәсіптік біліктілік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының ережелеріне сәйкес келтіруге бағытталған.

Аталған заңдар еңбек нарығындағы өзгерістерге бейімдеу арқылы жаңа дағдылар мен құзыреттерді игеруді жеделдетеді.

Заңдардан күтілетін әлеуметтік нәтиженің жоғарылығын ескере отырып, заңдарды қолдаймын және әріптестерімді қолдауға шақырамын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді заңдар бойынша жеке-жеке шешім қабылдайық.

Алдымен «Кәсіптік біліктілік туралы» Қазақстан Республикасының Заңын мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң мақұлданды.

Енді «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіптік біліктілік, мемлекеттік наградалар, әлеуметтік қамсыздандыру және білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын бірінші оқылымда мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды. Бас комитетке заңды екінші оқылымға әзірлеу тапсырылады.

Сөз депутат Жүсіп Нұртөре Байтілесұлына беріледі.

ЖҮСІП Н.Б. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Сенат отырысының күн тәртібіне «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіптік біліктілік, мемлекеттік наградалар, әлеуметтік қамсыздандыру және білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын екінші оқылымда қарауға енгізуді сұраймын.

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, бұл ұсынысты дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Шешім қабылданды. Заң бүгін екінші оқылымда қаралады.

Осы мәселелер бойынша шақырылған азаматтар, екінші оқылымға дейін боссыздар.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіндегі келесі екі мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Семей ядролық қауіпсіздік аймағы туралы» Қазақстан Республикасының Заңын және оған ілесіп «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Семей ядролық қауіпсіздік аймағы, экология және электр энергетикасы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын бірінші оқылымда қарау жөнінде.

Бұл екі заң да бір-бірімен байланысты. Бас комитет олар бойынша бір баяндама жасауды ұсынып отыр. Қарсылық жоқ па?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса екі заң бойынша баяндама жасау үшін сөз Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитетінің хатшысы Булавкина Ольга Александровнаға беріледі.

БУЛАВКИНА О.А. Уважаемый Маулен Сагатханович! Уважаемые депутаты! Рассматриваемые законы Республики Казахстан «О Семипалатинской зоне ядерной безопасности» и «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам Семипалатинской зоны ядерной безопасности, экологии и электроэнергетики» регулируют вопросы, возникающие при создании и функционировании специальной зоны на территории бывшего Семипалатинского испытательного ядерного полигона, и направлены на:

обеспечение ядерной и радиационной безопасности;

усиление государственного контроля в вопросах использования земель полигона;

реабилитацию его территорий, а также решение специфических вопросов по ликвидации последствий испытаний ядерного оружия;

отмену взимания платы за утилизацию кабельно-проводниковой продукции, уточнение порядка и размера платежей субъектам хозяйствования в сфере обращения с отходами;

регулирование отдельных вопросов в области энергетики.

Следует отметить, что общая площадь Семипалатинского ядерного полигона составляет более 1,8 миллиона гектаров. При этом в процессе комплексных экологических исследований территорий ядерного полигона, выполненных Национальным ядерным центром, были выявлены участки сверхнормативного радиоактивного загрязнения и потенциального распространения радиоактивных веществ.

В этой связи, принимая во внимание чрезвычайную важность обеспечения ядерной и радиационной безопасности на территории бывшего ядерного полигона, создается зона ядерной безопасности с особым правовым режимом.

В границы данной зоны на основании результатов комплексного экологического обследования и государственной экологической экспертизы включаются земельные участки, подвергшиеся сверхнормативному радиационному загрязнению вследствие испытаний ядерного оружия. При этом земли и инфраструктура зоны ядерной безопасности находятся в государственной собственности и не подлежат отчуждению.

Кроме того, законы определяют:

цели и задачи создания Семипалатинской зоны ядерной безопасности и ее функционирования;

компетенции государственных органов в области создания и функционирования данной зоны, а также уполномоченную организацию, осуществляющую деятельность на этой территории;

порядок определения границ и площади зоны ядерной безопасности и другие.

Реализация вышеуказанных законов даст возможность:

привлечения иностранных инвестиций, направленных на повышение ядерной, радиационной и физической безопасности мощностей по переработке и хранению радиоактивных отходов;

способствовать кардинальному решению экологических проблем, вызванных проведением ядерных испытаний;

выполнения международных обязательств Республики Казахстан по ограничению распространения ядерных материалов.

Специальный налоговый режим позволит освободить соответствующую уполномоченную организацию от уплаты за эмиссию в окружающую среду, налога на имущество по объектам хранения радиоактивных отходов и земельного налога.

Важным моментом принятия закона также является то, что в результате его реализации будет осуществляться разграничение радиоактивно загрязненных территорий и незагрязненных земель ядерного полигона, которые можно ввести в сельскохозяйственный оборот, а это порядка 1 миллиона гектаров.

Реализация законов потребует дополнительных финансовых затрат из республиканского бюджета в размере 3 миллиардов 596 миллионов тенге до 2027 года. Затраты поддержаны Республиканской бюджетной комиссией.

В ходе работы над законами предложений и замечаний от постоянных комитетов Сената Парламента Республики Казахстан не поступало.

С учетом вышеизложенного Комитет по аграрным вопросам, природопользованию и развитию сельских территорий, руководствуясь пунктами 42 и 58 Регламента Сената Республики Казахстан, рекомендует одобрить Закон Республики Казахстан «О

Семипалатинской зоне ядерной безопасности» и в первом чтении Закон Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам Семипалатинской зоны ядерной безопасности, экологии и электроэнергетики», принятые Мажилисом Парламента Республики Казахстан. Спасибо.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, заң бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

Сөз депутат Орынбасаров Бекбол Тілеумұратұлына беріледі.

ОРЫНБАСАРОВ Б.Т. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Мой вопрос адресован представителям Министерства энергетики и Национального ядерного центра.

В соответствии с Законом «О Семипалатинской зоне ядерной безопасности» перевод земель запаса в земли зоны ядерной безопасности осуществляет Правительство. При этом по статье 7 процедура пересмотра границ зоны ядерной безопасности может быть инициирована Президентом или Правительством.

В связи с этим у меня два вопроса.

Первый вопрос. В каких случаях эта процедура инициируется Президентом?

Второй вопрос. Какой государственный орган предоставляет земли, выведенные из территории бывшего Семипалатинского ядерного полигона, для использования их в хозяйственном обороте? Рақмет.

ТӨРАҒА. Энергетика вице-министрі Ақкенженов Ерлан Құдайбергенұлы, алдымен сіз жауап беріңіз.

АҚКЕНЖЕНОВ Е.Қ. Сұрағыңызға рақмет.

Да, действительно, такая норма имеется. Президент и Правительство имеют право принимать такие решения в случае ужесточения экологических требований либо, наоборот, их послабления. В такой период нужно будет принимать такие решения, возможно, когда будут какие-то экологические требования.

Органом, который будет это осуществлять, будет являться непосредственно Министерство сельского хозяйства. Из 18300 квадратных километров, которые в полигоне на данный момент есть, 9 тысяч планируется вывести под сельхозугодья, которые должны быть переданы местным исполнительным органам, акиматам Карагандинской области, Абайской области и Павлодара.

ТӨРАҒА. Ұлттық ядролық орталықтың бас директоры Батырбеков Эрлан Гадлетович, өз тараптарыңыздан қосасыздар ма?

БАТЫРБЕКОВ Э.Г. Большое спасибо за вопрос.

Я добавлю, что выделение земель, как было сказано, будет определяться постановлением Правительства. Но для того чтобы получить землю, любой заявитель

начинает с того, что подает заявление в местный исполнительный орган, это акимат районного или городского уровня. Далее решение принимается на уровне областного уровня, согласовываются необходимые документы, организуются необходимые землеустроительные документы. Далее постановление Правительства, о котором было сказано. Спасибо.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Нұрмұхамбетов Ғауез Торсанұлына беріледі.

НҰРМҰХАМБЕТОВ Ғ.Т. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Қазақстан Республикасының Энергетика вице-министрі Ақкенженовке.

Сопутствующим Законом «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам Семипалатинской зоны ядерной безопасности, экологии и электроэнергетики» предусмотрены поправки в Закон «Об электроэнергетике».

Так, согласно поправкам единый закупщик электрической энергии будет осуществлять покупку электрической энергии у уполномоченной организации, определяемой межправительственным соглашением, в порядке, определенном уполномоченным органом, и по ценам поставщика (производителя).

В настоящее время Казахстан покупает электроэнергию только у России. Покупку электроэнергии у России планируется осуществлять через российского оператора экспорта-импорта электроэнергии – публичного акционерного общества «Интер РАО», в частности через энергоснабжающую организацию ТОО «Интер РАО Казахстан».

В связи с этим вопросы. Как повлияет покупка электроэнергии через эту уполномоченную организацию на цену электроэнергии в Казахстане? Не приведет ли это к увеличению цены и, соответственно, нагрузки для рядовых потребителей? Рақмет.

ТӨРАҒА. Жауап беріңіз.

АҚКЕНЖЕНОВ Е.Қ. На сегодня Казахстан в целом обеспечивает себя достаточным производством электроэнергии, но бывает пиковое потребление (всплески потребления), и в этот момент Казахстан вынужден в одностороннем порядке отбирать электроэнергию с территории Российской Федерации, и это происходит по очень высоким ценам.

Для того чтобы избежать этих перетоков и иметь какой-то горизонт планирования, этим законодательным актом предусматривается введение института единого закупщика, который позволит иметь некий горизонт планирования в объемах и получать лучшую цену. Иными словами, мы будем иметь возможность запланировать суточное потребление и суточные перетоки, просить у российской стороны лучшую цену.

Касательно второго вопроса. Вообще, модель единого закупщика подразумевает продажу электроэнергии для всех оптовых производителей по одному средневзвешенному тарифу, который будет складываться непосредственно по итогам централизованных

торгов. И с целью недопущения социальной напряженности среди населения этим проектом предусмотрен механизм, который будет осуществляться адресной поддержкой для гарантирующих поставщиков с применением индивидуальной цены на покупку этой электрической энергии у единого закупщика. Данные меры поддержки будут оказываться только в тех случаях, когда цена на электроэнергию по итогам торгов будет выше, чем предусмотрено в утвержденной тарифной смете гарантирующих поставщиков на электроэнергию на сегодня.

ТӨРАҒА. Таким образом, как отразится все это на цене? В целом люди беспокоятся о тарифах на электроэнергию. Тарифы на электроэнергию влияют в целом на цены. Собственно говоря, сколько раз мы через это проходили. Это первый момент, более конкретно.

Второй момент. Предполагается закупать электрическую энергию у уполномоченной организации. Уполномоченная организация может быть разной. Это рыночные отношения. В этой связи уточните еще раз, как появляется уполномоченная организация, как она определяется, почему именно она выступает уполномоченной, как эта часть закона будет вами реализовываться. Пожалуйста.

АҚКЕНЖЕНОВ Е.Қ. Уполномоченная организация определяется правительствами. Но поскольку мы являемся покупающей стороной, Правительством Российской Федерации она будет определена. На данный момент это ТОО «Интер РАО ЕЭС», которая присутствует в Казахстане. Она будет непосредственно реализатором этой электроэнергии.

Касательно тарифов. Вы знаете, что тарифы у нас защищены, и отбор на данный момент несущественный. Поэтому этот отбор будет на годовой основе разложен внутри экономики продающей организации. В данном случае это «KEGOC».

ТӨРАҒА. Рақмет.

Слово предоставляется депутату Ершову Сергею Михайловичу.

ЕРШОВ С.М. Спасибо, уважаемый Маулен Сагатханулы.

Мои вопросы к Министерству энергетики и Министерству экологии и природных ресурсов.

Кроме Семипалатинского ядерного полигона, у нас еще есть ядерный полигон «Азгир» в Атырауской области (или был, по крайней мере). Там в 1966 – 1979 годах проводились подземные ядерные взрывы с целью отработки технологии создания полостей в соляных пластах для нужд экономики (хранение газа, захоронение ядовитых отходов и прочее).

Первый вопрос. Проводились ли обследования на полигоне «Азгир» на предмет радиоактивного загрязнения территорий?

Второй вопрос. Проводятся ли радиоэкологический мониторинг для отслеживания миграции радионуклидов из подземных ядерных полостей и оценка токсичности подземных вод прилегающих территорий? Спасибо.

ТӨРАҒА. Ерлан Құдайбергеноұлы, жауап беріңіз.

АҚКЕНЖЕНОВ Е.Қ. Сұрақтарыңызға көп рақмет.

Ответ: да, это всегда происходило. До 1991 года мониторингом, вообще исследованием занимался Всесоюзный институт имени Хлопина, с 1991 по 1996 годы занимались структуры Государственной корпорации «Росатом». С 1996 года по сегодняшний момент занимается наша подведомственная организация – Институт ядерной физики.

Специально была создана Азгирская научно-производственная экспедиция, которая присутствует там. Был проведен мониторинг почв. Были проведены захоронения загрязненного оборудования, которое использовалось на данном полигоне. Также все площадки были обследованы, они обнесены сейчас соответствующими ограждениями, чтобы ограничить доступ людей и животных.

Мониторинг ведется на постоянной основе два раза в год. Осуществляется он отбором проб почвы, воды и растений. Пробурены 22 мониторинговые скважины глубиной от 165 до 1100 метров. Мониторинг проб берется, далее эти пробы направляются на обследование в Институт ядерной физики. Результаты доводятся непосредственно до населения района и до соответствующих государственных органов. Работа ведется на постоянной основе.

ТӨРАҒА. Экология және табиғи ресурстар вице-министрі Ошурбаев Мансұр Тұрсынұлы, жауап беріңіз.

ОШУРБАЕВ М.Т. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Спасибо, Сергей Михайлович, за вопрос.

В принципе, мой коллега на данный вопрос дал исчерпывающий ответ. Вместе с тем хотел отметить, что согласно статье 370 Экологического кодекса данный момент относится к компетенции Министерства энергетики. Но Министерство экологии и природных ресурсов в 2019 году и в 2021 году по поручению акимата Атырауской области проводило данные анализы. Результаты данных анализов были направлены в Комитет атомного и энергетического надзора и контроля. Спасибо.

ТӨРАҒА. Рақмет. Басқа сұрақтар жоқ.

Спасибо, Ольга Александровна, присаживайтесь.

Енді заңдарды талқылауға көшейік.

Сөз депутат Әйткенов Ернұр Нұрмұханұлына беріледі.

ӘЙТКЕНОВ Е.Н. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Принятие законов «О Семипалатинской зоне ядерной безопасности» и «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам Семипалатинской зоны ядерной безопасности, экологии и электроэнергетики» не повлечет за собой



возникновения каких-либо отрицательных правовых и социально-экономических последствий. Напротив, ожидается возникновение целого ряда положительных последствий:

подтверждение последовательности и прогрессивности Казахстана в вопросах нераспространения оружия массового поражения и ядерного разоружения;

повышение радиационной и экологической безопасности государства, общества и окружающей среды, постоянный мониторинг земель с особой экологической ситуацией;

определение границ Семипалатинской зоны ядерной безопасности для ограничения доступа к радиоактивно загрязненным объектам полигона, а также создание правовой основы для выведения из состава земель запаса незагрязненных земель Семипалатинского испытательного ядерного полигона и перевода их в земли сельскохозяйственного назначения и земли промышленности с соответствующим экономическим эффектом;

получение достоверной информации о текущей радиоэкологической ситуации на Семипалатинском испытательном ядерном полигоне и за его пределами, на территориях, подвергшихся воздействию ядерных испытаний, снижение уровня радиофобии;

создание правовой основы для регулирования функционирования специализированной зоны, привлечение иностранных инвестиций, направленных на повышение ядерной, радиационной и физической безопасности объектов на территории специализированной зоны;

создание на территории Семипалатинской зоны ядерной безопасности мощностей по переработке и хранению радиоактивных отходов, создание дополнительных рабочих мест, решение проблемы утилизации радиоактивных отходов.

Результатом этой деятельности станет кардинальное решение экологических проблем, вызванных проведением ядерных испытаний на Семипалатинском испытательном ядерном полигоне.

В связи с чем я поддерживаю данные законы и прошу коллег также поддержать.

ТӨРАҒА. Рақмет. Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жок. Енді заңдар бойынша жеке-жеке шешім қабылдайық.

Алдымен «Семей ядролық қауіпсіздік аймағы туралы» Қазақстан Республикасының Заңын мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң мақұлданды.

Енді «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Семей ядролық қауіпсіздік аймағы, экология және электр энергетикасы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды.

Бас комитетке заңды екінші оқылымға әзірлеу тапсырылады.

Сөз депутат Бектаев Әли Әбдікәрімұлына беріледі.

БЕКТАЕВ Ә.Ә. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Бүгінгі Сенат отырысының күн тәртібіне «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне

Семей ядролық қауіпсіздік аймағы, экология және электр энергетикасы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын екінші оқылымда қарау мәселесін енгізуді ұсынамыз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, бұл ұсынысты дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Шешім қабылданды. Заң бүгін екінші оқылымда қаралады.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіне қосымша енгізілген мәселелер бойынша комитеттердің отырыстарын өткізу үшін 10 минутқа үзіліс жариялаймын.

ҮЗІЛІС.

ҮЗІЛІСТЕН KEЙІН.

ТӨРАҒА. Құрметті депутаттар, тіркеуден өтулеріңізді сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Қажетті кворум бар. Жұмысымызды жалғастырайық.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіне қосымша енгізілген келесі мәселелер «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын, «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын және «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын екінші оқылымда қарау жөнінде.

Сөз сенатор Лукин Андрей Ивановичқа беріледі.

ЛУКИН А.И. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Законы Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам возврата государству незаконно приобретенных активов», «О внесении дополнения в Кодекс Республики Казахстан «О налогах и других обязательных платежах в бюджет (Налоговый кодекс)» и «О внесении изменений и дополнений в Кодекс Республики Казахстан об административных правонарушениях» направлены на реализацию поручения Главы государства в целях совершенствования национального законодательства в вопросах возврата государству незаконно приобретенных активов и формирования эффективной системы противодействия хищению, сокрытию, отмыванию государственных средств и возврата выведенных активов путем введения новых механизмов раскрытия преступлений в данной сфере на основе передовых международных стандартов.

Принятие законов позволит обеспечить:

устранение причин и условий, способствовавших незаконному приобретению и выводу активов;

усиление мер расследования, привлечения к ответственности и возврата государству незаконно приобретенных и выведенных активов;

достижение прозрачности и эффективности в процессе управления государственными активами;

снижение коррупции в стране и повышение благосостояния населения.

Вместе с тем вносимые поправки направлены на:

установление административной ответственности за предоставление недостоверных сведений о бенефициарных собственниках юридических лиц;

передачу Комитету государственных доходов полномочий по составлению протоколов об административных правонарушениях по статье 251 Кодекса об административных правонарушениях (нарушение репатриации);

исключение пороговой суммы максимального размера штрафа за невыполнение требования репатриации национальной и (или) иностранной валюты;

передачу Комитету государственных доходов функций валютного контроля в части соблюдения экспортерами или импортерами требования репатриации национальной и (или) иностранной валюты.

Кроме того, законом внесены поправки, обязывающие налоговые органы предоставлять уполномоченному органу по возврату активов без получения письменного разрешения налогоплательщика сведения о налогоплательщике, составляющие налоговую тайну, в случаях, предусмотренных законами Республики Казахстан.

Құрметті әріптестер! С учетом изложенного Комитет по конституционному законодательству, судебной системе и правоохранительным органам в соответствии с пунктом 4 статьи 61 Конституции Республики Казахстан рекомендует:

одобрить Закон Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам возврата государству незаконно приобретенных активов», Закон «О внесении изменений и дополнений в Кодекс Республики Казахстан «Об административных правонарушениях», Закон «О внесении дополнения в Кодекс Республики Казахстан «О налогах и других обязательных платежах в бюджет (Налоговый кодекс)».

Прошу поддержать. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Спасибо, Андрей Иванович.

Құрметті әріптестер, заңдарды бірінші оқылымда жан-жақты талқыладық. Тағы талқылаудың қажеті бар ма?

ОРНЫНАН. Жок.

ТӨРАҒА. Олай болса шешім қабылдайық.

Алдымен «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң мақұлданды.

Енді «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң мақұлданды.

Енді «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң мақұлданды.

Осы мәселелер бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіне қосымша енгізілген «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне онлайн-платформалар және онлайн-жарнама мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын және «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын екінші оқылымда қараймыз.

Сөз сенатор Қапбарова Айгүл Жарылқасынқызына беріледі.

ҚАПБАРОВА А.Ж. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне онлайн-платформалар және онлайн-жарнама мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы және «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы Сенат отырысында қаралып, бірінші оқылымда мақұлданды.

Заңдар қолданыстағы нормативтік құқықтық базаны жетілдіруге және жекелеген заңнамалық актілерді негізгі «Онлайн-платформалар және онлайн-жарнама туралы» Қазақстан Республикасы Заңының ережелеріне сәйкес келтіруге бағытталған.

Жоғарыда көрсетілген ережелерді іске асыру Қылмыстық, Кәсіпкерлік және Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстерге, «Жарнама туралы», «Ақпараттандыру туралы», «Білім туралы» және «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізуді талап етеді.

Заңдарды қабылдау Қазақстан Республикасында онлайн-платформалардың қызметі үшін құқықтық негіздер жасайды, көрінеу жалған ақпарат таратқаны үшін жауаптылық енгізу арқылы онлайн-платформалар және онлайн-жарнама саласындағы реттеудің нормативтік базасын өзектендіруге мүмкіндік береді. Бұл ұлттық заңнаманы және құқық қолдану практикасын халықаралық стандарттарға сәйкес одан әрі жетілдіруге ықпал етеді.

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының тұрақты комитеттері тарапынан заңдар бойынша ескертулер мен ұсыныстар жоқ.

Баяндалғанды ескере келе, Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитеті Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабы 4-тармағына сәйкес жоғарыда аталған заңдарды мақұлдауды ұсынады. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Айгүл Жарылқасынқызы.

Құрметті әріптестер, заңдарды бірінші оқылымда жан-жақты талқыладық. Тағы талқылаудың қажеті бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса заңдар бойынша жеке-жеке шешім қабылдайық.

Алдымен «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне онлайн-платформалар және онлайн-жарнама мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң мақұлданды.

Енді «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң мақұлданды.

Осы екі мәселе бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіне қосымша енгізілген «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіптік біліктілік, мемлекеттік наградалар, әлеуметтік қамсыздандыру және білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын екінші оқылымда қараймыз.

Сөз сенатор Жүнісов Талғат Тұрлыбекұлына беріледі.

ЖҮНИСОВ Т.Т. Рақмет. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Заң Сенат отырысында қаралды және бірінші оқылымда мақұлданды.

Заң Қазақстан Республикасының кәсіптік біліктілік мәселелері жөніндегі бірқатар заңнамалық актілерін «Кәсіптік біліктілік туралы» Қазақстан Республикасының Заң жобасының ережелерімен сәйкес келтіру, сондай-ақ мамандардың кәсіптік біліктілігін тануды реттеудің бірыңғай жүйесін қалыптастыруға бағытталған реттеуші тетіктерді жетілдіру мақсатында әзірленді.

Жоғарыда көрсетілген ережелерді іске асыру Қазақстан Республикасының 3 кодексіне және 11 заңына бір мезгілде өзгерістер мен толықтырулар енгізуді талап етеді.

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне тәртіптік жаза қолдану және қолдану мерзімдерінде «Кәсіптік біліктілік туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес кәсіптік біліктілікті тану туралы норма енгізілді. Сондай-ақ аккредиттелген кәсіптік біліктілікті тану орталықтарында жүргізілетін кәсіптер тізіліміне енгізілген кәсіптер бойынша кәсіптік біліктілікті тану жөніндегі норма енгізілді.

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне уәкілетті органның құзыретіне денсаулық сақтау саласындағы кәсіптік стандарттарды әзірлеу және бекіту жөніндегі норма енгізілді.

Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексіне бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының, ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының басшы қызметкерлеріне қойылатын талаптар сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны үшін өзіне қатысты соттың күшіне енген айыптау үкімі бар немесе сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны үшін қылмыстық жауаптылықтан босатылған адамға қатысты нормамен толықтырылады. Сондай-ақ осы кодекстің мәтіні бойынша «жедел-іздігі іс-шараларының жүргізілуін немесе хабарсыз кету фактісін растайтын құжаттың» деген сөздер «хабарсыз кеткен адамды іздігі жөніндегі жедел-іздігі іс-шараларының жүргізілуін растайтын құжаттың немесе адамды хабарсыз кетті деп тану туралы сот шешімінің» деген сөздермен ауыстырылады.

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының тұрақты комитеттерінің заң бойынша ескертулері мен ұсыныстары жоқ.

Баяндалғанды ескере келе, Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитеті «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіптік біліктілік, мемлекеттік наградалар, әлеуметтік қамсыздандыру және білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабы 4-тармағына сәйкес мақұлдауды ұсынады. Құрметті әріптестер, қолдауларыңызды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Талғат Тұрлыбекұлы.

Құрметті әріптестер, заңды тағы да талқылаудың қажеті бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса шешім қабылдайық.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіптік біліктілік, мемлекеттік наградалар, әлеуметтік қамсыздандыру және білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң мақұлданды.

Осы мәселе бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіне қосымша енгізілген мәселе «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Семей ядролық қауіпсіздік аймағы, экология және электр энергетикасы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын екінші оқылымда қараймыз.

Сөз сенатор Булавкина Ольга Александровнаға беріледі.

БУЛАВКИНА О.А. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Уважаемые депутаты! Закон Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам Семипалатинской зоны ядерной безопасности, экологии и электроэнергетики» рассмотрен на расширенном заседании комитета.

Цель закона – приведение действующего законодательства в соответствие с положениями одобренного Закона «О Семипалатинской зоне ядерной безопасности». При этом законом вносятся дополнения и изменения в три кодекса и два закона.

В Земельный кодекс внесены изменения касательно определения правового статуса земель зоны ядерной безопасности и их функционирования, согласно которым указанные земли находятся в государственной собственности, не допускается их отчуждение для других целей.

Согласно вносимым изменениям в Предпринимательский кодекс уполномоченная организация по обеспечению функционирования зоны ядерной безопасности освобождается от специальных требований, установленных к государственной монополии, и специального права.

Изменения, вносимые в Экологический кодекс, затрагивают вопросы проведения государственной экологической экспертизы, общественных слушаний, связанных с использованием земель зоны ядерной безопасности.

В законы «Об электроэнергетике» и «О государственном имуществе» внесены соответствующие поправки, предусматривающие осуществление импорта или экспорта электрической энергии, а также статус уполномоченной организации по обеспечению функционирования зоны ядерной безопасности.

Предложений и замечаний от постоянных комитетов Сената по данному закону не поступало.

С учетом изложенного Комитет по аграрным вопросам, природопользованию и развитию сельских территорий, руководствуясь пунктом 4 статьи 61 Конституции Республики Казахстан, рекомендует одобрить Закон Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам Семипалатинской зоны ядерной безопасности, экологии и электроэнергетики», принятый Мажилисом Парламента Республики Казахстан. Спасибо.

ТӨРАҒА. Спасибо, Ольга Александровна.

Құрметті әріптестер, заңды тағы да талқылаудың қажеті бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса шешім қабылдайық. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Семей ядролық қауіпсіздік аймағы, экология және электр энергетикасы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң мақұлданды.

Осы мәселе бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті депутаттар, күн тәртібіндегі мәселелер толық қаралып болды. Енді депутаттық сауалдарға көшейік.

Сөз депутат Асанова Жанна Бейсентайқызына беріледі.

АСАНОВА Ж.Б. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Менің сауалым Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Смайылов Әлихан Асханұлына.

«Сауалымызға себеп болған әлемде қалыптасып келе жатқан геосаяси жағдай, жұмылдыру дайындығының өзектілігі мен маңыздылығын көрсететін әскери қақтығыстардың көбеюі болып отыр. Кез келген мемлекет бейбіт уақытта, соғыс уақытында мемлекетті тұрақты басқаруға бағытталған шаралар кешенін өткізеді. Қазақстан соңғы бірнеше жылда елдің қорғаныс қабілеті мен ұлттық қауіпсіздігіне оң әсер ететін бірқатар іс-шаралар өткізді. Сонымен бірге пысықтауды және шешуді талап ететін мәселелер әлі бар.

Бірінші. «Жұмылдыру дайындығы туралы» Заңға сәйкес жұмылдыру бөлімшелері мемлекеттік органның бірінші басшысына тікелей бағынуға тиіс. Алайда көптеген мемлекеттік органдарда мұндай құрылымдарды вице-министрлер, орынбасарлар, Аппарат басшылары қадағалайды. Жұмылдыру дайындығы үшін қашанда бірінші басшы жауапты болу керек. Сондықтан жұмылдыру құрылымдарын бірінші басшыға бекітуді және заңды бұзбау қажет деп санаймыз.

Екінші. Жұмылдыру бөлімшелерінде осы саланың білікті мамандарының тапшылығы өте жоғары. Осыған байланысты кадрларды даярлау және қайта даярлауды күшейту қажет.

Үшінші. Жұмылдыру жоспары мемлекеттік органдарға жұмылдыру тапсырмасы мен жұмылдыру тапсырыстарын белгілейді. Алайда оларда өндірістік, қаржылық, қойма мүмкіндіктері әрқашан бола бермейді. Сондықтан жоспар құрудан бұрын ұйымның материалдық, техникалық және қаржылық мүмкіндіктерін талдау қажет.

Төртінші. Мемлекеттік органдар матрезервтің материалдық құндылықтарын сақтау номенклатурасы мен көлемін қалыптастыруға мүдделі емес, сондықтан олар қажеттіліктерінің тізімін береді, ал оны жұмылдыру резервіне толық енгізу мүмкін емес.

Бөлінетін лимиттер мен бюджет қаражаты жұмылдыру резервін қамтамасыз етудің қажетті деңгейін қамтымайды. Сондықтан жұмылдыру резервіне материалдық құндылықтарды сатып алудың басымдығы жоғалады және резервті жинақтаудың жалпы пайызы белгіленген көлемге әрдайым жетпейді.

Азаматтық қорғау саласындағы заңнаманы жетілдіру үшін Парламент депутаттары азаматтық қорғау мәселелері бойынша заңдарға түзетулер әзірледі. Онда мемлекеттік органдар арасындағы жұмылдыру резервінің материалдық құндылықтарын қалыптастыру және сақтау жөніндегі функцияларды ажырату ұсынылады.

Осыған байланысты жоғарыдағы айтылған мәселелерді шешу үшін нақты шаралар қабылдауды және Парламент депутаттарының келесі ұсыныстарын қолдауды сұраймыз:

жұмылдыру резервінің материалдық құндылықтарын қалыптастыру, сақтау жөніндегі функцияларды мемлекеттік органдарға беру;

әрбір мемлекеттік органға жұмылдыру тапсырысын орындау үшін қажетті тауарлардың атаулары мен көлемдерін айқындау жөніндегі есептеу нормативтерін әзірлеу және бекіту жөніндегі құзыретті бекіту.

Қарау нәтижелері туралы жауап беруіңізді сұраймын.

Депутаттар Асанова, Сарыбаев, Ершов». Рақмет.



ТӨРАҒА. Рақмет. Сөз депутат Орынбасаров Бекбол Тілеумұратұлына беріледі.

ОРЫНБАСАРОВ Б.Т. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, менің депутаттық сауалым Үкімет басшысына жолданады.

«Құрметті Әлихан Асханұлы, қазіргі таңда газ және лифт шаруашылығы саласындағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша жергілікті атқарушы және орталық мемлекеттік органдар арасында нормативтік құжаттар деңгейінде реттелмеген бірқатар мәселе бар.

Бірінші – газ саласы бойынша.

Газ және газбен жабдықтау саласында мемлекеттік қадағалау және бақылау «Азаматтық қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес кейбір өкілеттіліктер Төтенше жағдайлар министрлігінен жергілікті атқарушы органдарға жүктелді.

Қазіргі таңда аталған заңның шеңберінде жергілікті атқарушы органдар тек тұрғын үйлер мен әлеуметтік инфрақұрылым ішінде орналасқан тұрмыстық баллондар мен газ тұтынатын жүйелерге ғана бақылау жүргізеді. Алайда газбен жабдықтау жүйелерінде магистралдық және жергілікті газ құбырларында газ реттеу пункттері мен газ тарату станциясындағы арнайы компоненттердің көмегімен одоризациялау шаралары бақылаусыз және қадағалаусыз қалып отыр.

Кәсіпорындарда бұл жағдайдың алдын алу үшін дабыл қағатын құралмен қамтамасыз етілген, ал қарапайым халықта мұндай құрылғы мүлдем жоқ.

Осы мәселелер нақты шешімін таппағаннан кейін түрлі оқиғаларға әкеліп соқтырып жатыр. Мысал ретінде ағымдағы жылдың 17 сәуірінде Жаңаөзен қаласындағы екі қабатты тұрғын үйде орын алған қайғылы оқиғаны айтуға болады.

Одоризациялық қондырғылардың режимдік жұмысы бақылаусыз және қадағалаусыз қалып отырғаннан кейін болашақта тағы бір жағдай орын алмауына ешқандай кепілдік жоқ. Айта кету керек, соңғы уақытта мемлекеттік органдар тарапынан жергілікті атқарушы органдардың өзін-өзі басқарудың дербестігін күшейту керек деген желеу аясында өздерінің ең қауіпті функцияларын білдірмей, жасырын жүктеп қою жағдайлары көбейіп кетті.

Бұның салдары жұмыстың салғырт жүруіне әкеледі, ал халық болса техногенді апаттардың қауіпсіз екендігін сезінбейді.

Осыған орай келесіні ұсынамын:

газ және газбен жабдықтау саласында қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін мемлекеттік қадағалау және бақылау функцияларына мониторинг жүргізіп, аражігін ажырата отырып, Төтенше жағдайлар министрлігінің жауапкершілігін күшейтуді қарастыруды;

әлеуметтік және тұрмыстық нысандарда газ беру бағытында одоризациялау қондырғыларының режим жағдайында жұмыс істеуін есепке алуды, мониторинг шараларын жүргізуді жандандыруды сұраймын.

Екінші – жедел сатылар (лифтілер) бойынша.

Бүгінгі күні өндірісте пайдаланатын жүк көтергіш механизмдері автокран, мұнара краны сияқты құрылғылардың жұмысы қауіпті өндіріс болғандықтан Төтенше жағдайлар министрлігінің Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің қадағалауына алынған. Алайда көп қабатты тұрғын үйлердегі жедел сатыларды пайдалануды бақылау және қадағалау өкілеттігін 2020 жылы жергілікті атқарушы органдарға беруден артық ештеңе табылмады. Ал әкімдіктер аса қауіп бар өкілеттікті тұрғын үй инспекцияларына тапсырды.

Қазір тұрғын үй инспекциясы инспекторларының қолынан келетін әрекет – объектілерге тұрғындардың шағымдары бойынша шығу және лифт кабинасы жанып тұрма, жоқ па, соны анықтайтын тексеру парағын толтыру ғана. Ашығын айтқанда бұл ауқымды саланы дұрыс бақылауды қамтамасыз етуге олардың күші де қаражаты да жетпейді. Бірақ лифтілерді қауіпсіз пайдалану ережесін әзірлеу, сондай-ақ елге әкелінетін лифттерге рұқсаттама беру министрліктің Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің құзырында қалды.

Қазір осы салада көптеген жинақталған проблемалар бар екенін көріп отырмыз. Мысалы, лифтілерге ескірген көтергіштердің үстемдігі және пайдалану компаниялары тарапынан тиісті қызметтерді көрсетудің жоқтығы, қолданыстағы лифтілердің нормативтік мерзімі 25 жыл болса, қазір қолданыстан шығарылуы керек лифтілердің көбейгендігі және тағы басқа мәселелер туындайды.

Жоғарыда баяндалғандар негізінде келесіні ұсынамын:

лифті жұмысын қауіпті жүк көтергіш механизм ретінде танып, Төтенше жағдайлар министрлігінің құзыретіне беруді;

өнеркәсіптік қауіпсіздік жөніндегі барлық қадағалау және бақылау функцияларын біріздендіріп, Төтенше жағдайлар министрлігінің аясында шоғырландыру мәселесін зерттеуді.

Депутаттық сауалға заң аясында жазбаша жауап беруіңіз сұралады. Құрметпен депутаттар Орынбасаров, Мәкежанов, Алдашев, Өтешов, Нұғманов, Ниязова, Орынбеков, Лұқпанов, Өтеғұлов, Нәутиев, Шиповских».

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет. Басқа сауалдар жоқ.

Құрметті әріптестер, бүгін біз сегізінші шақырылымдағы Парламенттің бірінші сессиясындағы Сенаттың қорытынды отырысын өткіздік.

Сессия наурыздың соңында ғана басталды. Соған қарамастан осы уақыт ішінде Мемлекет басшысының елімізді жаңғырту реформаларын заңнамалық тұрғыдан қамтамасыз ету үшін ауқымды жұмыс атқарылды. Үш ай мерзімде Парламент 25 заң қабылдады. Олардың ішінде 10 заңға депутаттық корпус бастамашылдық жасады. Олардың қатарында азаматтардың тұрмыс жағдайын жақсартуға бағытталған заңдар бар. Сонымен қатар еліміздің экономикалық дамуына және өзекті мәселелерді шешуге арналған кезек күттірмейтін заңдар уақытылы қабылданды.

Бүгінгі отырыстың өзінде бірқатар аса маңызды заңдарды мақұлдадық. Олардың ішінде заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару мәселелеріне қатысты заңдар топтамасын ерекше атап өтуге болады. Бұл заңдар Мемлекет басшысының елдік мүддені көздеген бастамасын іске асыру мақсатымен әзірленді.

Қаралған заңнамалық актілер заңсыз шығарылған активтердің шығу тегін ашуға, растауға, оларды қайтаруға және активтерді мемлекет пен ел мүддесі үшін қолдануға қажетті құқықтық тетіктерді айқындайды. Қайтарылған активтер Қазақстан халқының әлауқатын арттыруды көздейтін әлеуметтік және экономикалық жобаларды қаржыландыру үшін қолданылады.

Жалпы мақұлданған заңдар әділетті Қазақстан құру жолында жасалған тағы бір нақты қадам екені сөзсіз.

Бүгін басқа да маңызды заңдар қабылданды.

Соңғы жылдарда әлеуметтік желілердің қоғамдағы рөлінің күшейгенін бәріміз көріп отырмыз. Сол себепті әлеуметтік желідегі буллингті, азаматтарды қорлау фактілерін, қаржы пирамидаларын насихаттауды және тағы басқа осыған ұқсас мәселелерді болдырмаудың және алдын алудың маңызы зор. Сондай мемлекеттік реттеудің негізін қалыптастыру үшін онлайн-платформалардың жұмысын және онлайн-жарнаманы заң аясында жүйелеу қолға алынды. Тиісті заңдарды бүгін мақұлдадық.

Жалпы сессия барысында Палата әрбір заңды азаматтар және сарапшылардың ұсыныстарын назарға ала отырып жан-жақты қарады, ұлттық мүдде тұрғысынан әрбір заң мұқият пысықталды. Қабылданған заңдар ел игілігіне қызмет етеді деп сенеміз.

Сессия барысында Палата жұмысының өзге де бағыттары назардан тыс қалған жоқ. Атап айтқанда, сессияның жұмыс жоспарына сәйкес түрлі форматтағы 66 іс-шара өткізілді. Осы сессияда Палатаның өңірлермен өзара қарым-қатынасы айтарлықтай артты. Жергілікті өкілді органдармен өзара іс-қимыл жасау жөніндегі кеңестің құрамы жаңарып, оған мәслихат төрағалары қосылды. «Өңір» депутаттық тобының құрамы да жаңартылып, топтың бес отырысы ұйымдастырылды.

Депутаттардың заң шығару құқығын іске асыруға жәрдемдесетін жаңа тетік – Сенаттың Жобалық кеңсесі құрылды.

Сенат жанындағы Жас сарапшылар клубының отырыстары да тұрақты түрде өткізіліп келеді.

Президенттің тапсырмасына сәйкес Парламентте «Бір ел – бір мүдде» депутаттық тобы жасақталды. Оның құрамына Қазақстан халқы ассамблеясынан сайланған әріптестермен қатар басқа да депутаттар енді.

Депутаттардың өңірлермен жұмысы да белсенді жүргізілуде.

Жалпы тұрақты комитеттер 28 көшпелі іс-шара өткізді. Соның аясында сенаторлар өңірлерге барып, халықпен және еңбек ұжымдарымен түрлі форматта кездесулер ұйымдастырды.

Одан бөлек Сенат қабырғасында 3 «үкімет сағаты», 16 «дөңгелек үстел» және 19 орталық органдар басшылықтарымен кездесулер өтіп, көптеген өзекті мәселелер көтерілді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың тапсырмасы бойынша құрылған Орнықты даму мақсаттарына мониторинг жүргізу жөніндегі парламенттік комиссияның алғашқы отырысын өткен аптада өткіздік. Сондай-ақ ағымдағы сессияда 50-ден астам депутаттық сауал жолдадыңыздар. Осылайша орталық мемлекеттік органдардың назарын өзекті мәселелерге аудардық.

Парламентаралық ынтымақтастықты нығайтуға арналған халықаралық деңгейдегі жұмысымыз да жүйелі түрде жүргізіліп келеді. Орта Азия елдерінің, Ресейдің, Қытайдың, Еуропа мемлекеттерінің депутаттарымен тығыз қарым-қатынас орнаттық. Аптаның басында бауырлас Қырғыз Республикасы Жогорку Кенешінің Төрағасы Қазақстанға ресми сапармен келді. Мұндай іс-шаралар парламентаралық ынтымақтастық пен халықаралық қарым-қатынастың қарқынды дамуына өз үлесін қосады деп сенеміз.

Құрметті депутаттар! Сенаттың маңызды міндеттерінің бірі –Президенттің реформаларын заңнамалық тұрғыдан сапалы әрі уақытылы қамтамасыз ету. Осы сессияда бұл бағыттағы қызметіміз нәтижелі болды деп айта аламыз.

Палатаның конституциялық өкілеттігін іске асыру жолында табысты жұмыс істегендеріңіз үшін баршаңызға ризашылығымды білдіремін. Барлық депутаттарға және Сенат жұмысын тиісті деңгейде қамтамасыз етіп жүрген Аппарат қызметкерлеріне, сондай-ақ Палата қызметін жария етуде белсенділік танытып жүрген бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдеріне Палатаның Спикері ретінде алғыс айтамын.

Құрметті сенаторлар! Ертең палаталардың бірлескен отырысы өтеді. Онда бірінші сессияның жұмысына қорытынды жасалады. Содан кейін парламенттік каникул басталады. Парламенттік каникул кезеңінде жұмыстарымыз тоқтамайтыны белгілі.

Біздің Палата – өңірлердің мүддесін қорғайтын негізгі институт. Сондықтан өңірлерге барған кезде халықпен, жұртшылықпен белсенді кездесіп, жергілікті жерлердегі өзекті мәселелерді жан-жақты сараптайсыздар деп ойлаймын. Соның нәтижесінде сындарлы ұсыныстар жинақтап, келесі сессияға тиісті дайындықпен келесіздер деп сенемін.

Құрметті әріптестер! Баршаңызға зор денсаулық, жұмыстарыңызға толайым табыс тілеймін. Аmandықта жүздесейік.

Осымен Сенат отырысын жабық деп жариялаймын. Баршаңызға рақмет. Сау болыңыздар.

ОТЫРЫСТЫҢ СОҢЫ.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ  
СЕНАТЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ

М. ӘШІМБАЕВ

**МАЗМҰНЫ**  
**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ**  
**СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ**  
**2023 жылғы 29 маусым**

**Күн тәртібі бойынша**

О повестке дня ..... 1

**Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьясы лауазымдарына сайлау туралы**

Об избрании на должности судей Верховного Суда Республики Казахстан

**Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің Төрағасы  
Д.А. ШИППТІҢ баяндамасы**

Доклад Председателя Высшего Судебного Совета Республики Казахстан  
ШИППА Д.А. .... 1

**Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары  
комитетінің төрағасы А.И. ЛУКИННІҢ қосымша баяндамасы**

Содоклад председателя Комитета по конституционному законодательству,  
судебной системе и правоохранительным органам ЛУКИНА А.И. .... 2

**Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты судьяларының ант беруі**

Принесение присяги судьи Верховного Суда Республики Казахстан

АЙТЖАНОВ Е.Ж. .... 4

ӘЛЖАНОВ Ғ.Ө. .... 4

ИСАМБЕРЛИЕВА Г.Ғ. .... 4

ҚОСМҰРАТОВ Е.С. .... 5

ҚҰРМАНҒАЛИЕВ Н.Қ. .... 5

**Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жөнінде**

О Законе Республики Казахстан «О возврате государству незаконно приобретенных активов», принятом Мажилисом Парламента Республики Казахстан

**Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жөнінде (бірінші оқылым)**

О Законе Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам возврата государству незаконно

приобретенных активов», принятом Мажилисом Парламента Республики Казахстан (первое чтение)

**Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жөнінде (бірінші оқылым)**

О Законе Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в Кодекс Республики Казахстан об административных правонарушениях», принятом Мажилисом Парламента Республики Казахстан (первое чтение)

**Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жөнінде (бірінші оқылым)**

О Законе Республики Казахстан «О внесении дополнения в Кодекс Республики Казахстан «О налогах и других обязательных платежах в бюджет (Налоговый кодекс)», принятом Мажилисом Парламента Республики Казахстан (первое чтение)

**Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің төрағасы А.И. ЛУКИННІҢ баяндамасы**

Доклад председателя Комитета по конституционному законодательству, судебной системе и правоохранительным органам ЛУКИНА А.И. .... 5

**Сөз сөйлегендер:**

Выступили:

АРҒЫНБЕКОВА А.С. ....	8
БАЙЖАНОВ Ұ.С. – Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының орынбасары, заместитель Генерального Прокурора Республики Казахстан .....	8
МЕДЕБАЕВ С.Т. ....	9
ЕСҚАРАЕВ А.Н. – Қазақстан Республикасының Әділет министрі, Министр юстиции Республики Казахстан .....	9
КАРПЛЮК С.А. ....	10
БІРЖАНОВ Е.Е. – Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі, вице-министр финансов Республики Казахстан .....	10
АРУБАЕВ С.Қ. ....	11
БІРЖАНОВ Е.Е. ....	11
БАЙЖАНОВ Ұ.С. ....	11
БЕКНАЗАРОВ Н.Қ. ....	12
ЛУКИН А.И. ....	13

**Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Онлайн-платформалар және онлайн-жарнама туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жөнінде**

О Законе Республики Казахстан «Об онлайн-платформах и онлайн-рекламе», принятом Мажилисом Парламента Республики Казахстан

**Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне онлайн-платформалар және онлайн-жарнама мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жөнінде (бірінші оқылым)**

О Законе Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам онлайн-платформ и онлайн-рекламы», принятом Мажилисом Парламента Республики Казахстан (первое чтение)

**Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жөнінде (бірінші оқылым)**

О Законе Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в Кодекс Республики Казахстан об административных правонарушениях», принятом Мажилисом Парламента Республики Казахстан (первое чтение)

**Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің мүшесі  
А.Ж. ҚАПБАРОВАНЫҢ баяндамасы**

Доклад члена Комитета по социально-культурному развитию и науке  
КАПБАРОВОЙ А.Ж. .... 14

**Сөз сөйлегендер:**

Выступили:

АСАНОВА Ж.Б. ....	15
КОЧЕТОВ Е.Д. – Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму вице-министрі, вице-министр информации и общественного развития Республики Казахстан .....	16
ЖӨРГЕНБАЕВ Ж.Ә. ....	16
РҮСТЕМОВ Р.Р. ....	17
КОЧЕТОВ Е.Д. ....	17
РАҚМЕТОВА Ә.Қ. ....	18
ЖҮСІП Н.Б. ....	19

**Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Кәсіптік біліктілік туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жөнінде**

О Законе Республики Казахстан «О профессиональных квалификациях», принятом Мажилисом Парламента Республики Казахстан

**Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіптік біліктілік, мемлекеттік наградалар, әлеуметтік қамсыздандыру және білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жөнінде (бірінші оқылым)**

О Законе Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам профессиональных квалификаций, государственных наград, социального обеспечения и образования», принятом Мажилисом Парламента Республики Казахстан (первое чтение)

**Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің мүшесі  
Т.Т. ЖҮНИСОВТИҢ баяндамасы**

Доклад члена Комитета по социально-культурному развитию и науке  
ЖУНИСОВА Т.Т. .... 19

**Сөз сөйлегендер:**

Выступили:

САРЫБАЕВ Ғ.Т. .... 22  
ОСПАН Е.С. – Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту вице-министрі, вице-министр просвещения Республики Казахстан ..... 22

ОРДАБАЕВ О.Т. – Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі, вице-министр труда и социальной защиты населения Республики Казахстан ..... 22

РЫСБЕКОВА Л.Т. .... 23

ОРДАБАЕВ О.Т. .... 23

НАҚЫПБЕКОВ Т.А. – «Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасы басқарма төрағасының орынбасары, заместитель председателя правления Национальной палаты предпринимателей Республики Казахстан «Атамекен» ..... 24

НИЯЗОВА Н.И. .... 24

ОРДАБАЕВ О.Т. .... 25

ӘЛНАЗАРОВА А.Ш. .... 26

ЖҮСІП Н.Б. .... 27

**Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Семей ядролық қауіпсіздік аймағы туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жөнінде**

О Законе Республики Казахстан «О Семипалатинской зоне ядерной безопасности», принятом Мажилисом Парламента Республики Казахстан

**Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Семей ядролық қауіпсіздік аймағы, экология және электр энергетикасы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жөнінде (бірінші оқылым)**

О Законе Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам Семипалатинской зоны ядерной безопасности, экологии и электроэнергетики», принятом Мажилисом Парламента Республики Казахстан (первое чтение)

**Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитетінің хатшысы О.А. БУЛАВКИНАНЫҢ баяндамасы**

Доклад секретаря Комитета по аграрным вопросам, природопользованию и развитию сельских территорий БУЛАВКИНОЙ О.А. .... 27

**Сөз сөйлегендер:**

Выступили:

ОРЫНБАСАРОВ Б.Т. .... 29



АҚКЕНЖЕНОВ Е.Қ. – Қазақстан Республикасының Энергетика вице-министрі, вице-министр энергетика Республики Казахстан .....	29
БАТЫРБЕКОВ Э.Г. – Қазақстан Республикасы Ұлттық ядролық орталығының бас директоры, генеральный директор Национального ядерного центра Республики Казахстан .....	29
НҰРМҰХАМБЕТОВ Ғ.Т. ....	30
АҚКЕНЖЕНОВ Е.Қ. ....	30
ЕРШОВ С.М. ....	31
АҚКЕНЖЕНОВ Е.Қ. ....	32
ОШУРБАЕВ М.Т. – Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар вице-министрі, вице-министр экологии и природных ресурсов Республики Казахстан .....	32
ӘЙТКЕНОВ Е.Н. ....	32
БЕКТАЕВ Ә.Ә. ....	33

**«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жөнінде (екінші оқылым)**

О Законе Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам возврата государству незаконно приобретенных активов» (второе чтение)

**«Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жөнінде екінші оқылым)**

О Законе Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в Кодекс Республики Казахстан об административных правонарушениях» (второе чтение)

**«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жөнінде (екінші оқылым)**

О Законе Республики Казахстан «О внесении дополнения в Кодекс Республики Казахстан «О налогах и других обязательных платежах в бюджет (Налоговый кодекс)» (второе чтение)

**Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің төрағасы А.И. ЛУКИННІҢ баяндамасы**

Доклад председателя Комитета по конституционному законодательству, судебной системе и правоохранительным органам ЛУКИНА А.И. ....

**«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне онлайн-платформалар және онлайн-жарнама мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жөнінде (екінші оқылым)**

О Законе Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам онлайн-платформ и онлайн-рекламы» (второе чтение)

**«Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жөнінде (екінші оқылым)**

О Законе Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в Кодекс Республики Казахстан об административных правонарушениях» (второе чтение)

**Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің мүшесі  
А.Ж. ҚАПБАРОВАНЫҢ баяндамасы**

Доклад члена Комитета по социально-культурному развитию и науке  
КАПБАРОВОЙ А.Ж. .... 36

**«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіптік біліктілік, мемлекеттік наградалар, әлеуметтік қамсыздандыру және білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жөнінде (екінші оқылым)**

О Законе Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам профессиональных квалификаций, государственных наград, социального обеспечения и образования» (второе чтение)

**Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің мүшесі  
Т.Т. ЖҮНИСОВТИҢ баяндамасы**

Доклад члена Комитета по социально-культурному развитию и науке  
ЖУНИСОВА Т.Т. .... 37

**«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Семей ядролық қауіпсіздік аймағы, экология және электр энергетикасы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жөнінде (екінші оқылым)**

О Законе Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам Семипалатинской зоны ядерной безопасности, экологии и электроэнергетики» (второе чтение)

**Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитетінің хатшысы О.А. БУЛАВКИНАНЫҢ баяндамасы**

Доклад секретаря Комитета по аграрным вопросам, природопользованию и развитию сельских территорий БУЛАВКИНОЙ О.А. .... 38


**Депутат Ж.Б. АСАНОВАНЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы**

Депутатский запрос депутата АСАНОВОЙ Ж.Б. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А. .... 40

**Депутат Б.Т. ОРЫНБАСАРОВТЫҢ Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы**

Депутатский запрос депутата ОРЫНБАСАРОВА Б.Т. к Премьер-Министру  
Республики Казахстан Смаилову А.А. ....41

ШЖҚ-дағы «Материалдық-техникалық  
қамтамасыз ету басқармасының  
инженерлік орталығы» РМК директоры



А. Əлиев

Стенографиялау қызметінің  
басшысы



Г. Молдашева